

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
дербес білім беру үйымы  
Қамқоришилық кеңесінің  
«\_\_\_» \_\_\_\_ 2023 жылғы № \_\_\_ шешімімен  
бекітілді

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҮЙЫМЫ МЕН  
ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ҮЙЫМДАРЫ ЖҰЗЕГЕ АСЫРАТЫН  
ТАУАРЛАР, ЖҰМЫСТАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Астана қ., 2023 жыл

## **Мазмұны**

1-бөлім. Осы ережелердің қолданылу аясы

2-бөлім. Терминдер мен анықтамалар

3-бөлім. Жалпы ережелер

4-бөлім. Сатып алушы жоспарлау

5-бөлім. Тендер тәсілімен сатып алу

6-бөлім. Тендерлік комиссия, сараптау комиссиясы (сарапшы)

7-тарау. Тендерлік құжаттама

8-тарау. Тендер тәсілімен сатып алушы өткізу туралы хабарлама

9-бөлім. Тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға арналған тендерлік өтінімдердің мазмұны, рәсімделуі және тапсырылуы.

10-бөлім. Тендерлік өтінімдерді ашу

11-бөлім. Тендерлік өтінімдерді қарастыру, алдын ала рұқсатнама, тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға рұқсатнама

12-бөлім. Бағалау, тендерлік баға ұсыныстарын салыстыру және тендер тәсілімен сатып алу қорытындысын шығару

13-бөлім. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу

14-бөлім. Баға ұсыныстарын ашу және қарастыру

15-бөлім. Бір көзден сатып алу тәсілі

16-бөлім. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаның жеке меншігі болып табылатын түрғын үйді сатып алушы жүзеге асырудың ерекше тәртібі

17-бөлім. Сатып алу шартын бекіту және орындау

18-бөлім. Ереже нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту

19-бөлім. Қорытынды ережелер

Осы тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» заңының (бұдан әрі – Зан) б-бабы 5-тармағы 3-тармақшасына сәйкес және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Жоғарғы Қамқоршылық кеңесінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен мақұлданған «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімі Жарғысының 7-бабы 7-тармағы 5-тармақшасына сәйкес әзірленді және қордың үйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес үйымдарды қоспағанда, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімі және Зияткерлік мектептер үйимдарының тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу тәртібін анықтайды.

## **1-бөлім. Осы ережелердің қолданылу аясы**

1.1. Осы Ережелер тапсырыс берушінің қызметін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық қызметін орындаудың қамтамасыз етуге қажетті тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуға қатысты қарым-қатынастарға қолданылады, алайда оған келесі әрекеттер жатпайды:

1) еңбек шарттары бойынша жеке тұлғалардан немесе кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан ақылы қызметтерді сатып алу, оның ішінде жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының және жеке адвокаттардың қызметін көрсету шарттары бойынша жұмыстар мен қызметтерді сатып алу;

2) жаңадан құрылған заңды тұлғалардың жарғылық капиталына жарналарды (салымдарды) салу;

3) бағалы қағаздарды, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алу;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық үйымдар қаржыландыратын инвестициялық жобаларды жүзеге асыру аясында қажетті тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;

5) алымдар мен төлемдерді төлеу;

6) іссапар шығындарын етеу;

7) оқушылардың, шетелдік мамандардың және өзге де шақырылған тұлғалардың жолақысын, қонақ үйде тұру және тамақтану ақысын төлеу;

8) табиғатты пайдалану құқығын иелену;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған лицензиялар негізінде жүзеге асыратын банк операцияларын жүргізуге байланысты қаржы қызметтерін сатып алу;

10) басқару органдары мен Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы және/немесе шығындар үшін өтемақты төлеу;

11) демеушілік көмек және/немесе қайырымдылық көмек қаражаты есебінен қажетті тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;

12) Тапсырыс берушінің жарғылық қызметіне сәйкес халықаралық аккредиттеу және/немесе сертификаттау қызметтерін сатып алу;

13) көрмелер, семинарлар, конференциялар, кеңестер, форумдар, симпозиумдар, тренингтер, фестивальдер, оқу-жаттығу жиындары, жәрменкелер, олимпиадалар, ғылыми жобалар мен конкурстар, элективті курстар, мектептен тыс курстарға, оның ішінде онлайн қатысқаны үшін ақы төлеу;

14) мерзімді басылымдарға жазылуды қоса алғанда, мерзімді баспа басылымдарын қағаз және/немесе электрондық тасымалдағыштарда сатып алу;

15) шетелдік және отандық бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты жариялау қызметтерін сатып алу;

- 16) отандық және шетелдік басылымдарда мақалалар жариялау;
  - 17) тапсырыс берушінің негізгі қызметіне байланысты 10 000 (он мың) АҚШ долларының баламасынан аспайтын сомаға, оның ішінде тапсырыс берушінің ішкі құжатына сәйкес төлем картасымен төлеу арқылы тауарлар мен қызметтерді шетелдік онлайн ресурстар арқылы сатып алу;
  - 18) білім беру бағдарламаларын, техникалық көмекті, тестілеуді, тестілік аккредиттеуді қамтитын қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қызметтерін сатып алу;
  - 19) аралық сотта дауды шешуге байланысты төрелік алымдарды, шығыстарды төлеу;
  - 20) авиа, теміржол, өзен, теңіз және автобус жол жүру құжаттарын (билеттерді) брондау, рәсімдеу және сату қызметтерін сатып алу;
  - 21) кеден өкілдерінің қызметтерін сатып алу, алымдарды және уақытша сактау қоймаларының (УСҚ) басқа да төлемдерін төлеу;
  - 22) ДББҰ және/немесе зияткерлік мектептер үйымдарына тиесілі тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың тұрғын үй-коммуналдық және пайдалану қызметтерін қамтамасыз ету бойынша төлемдер;
  - 23) хайуанаттар бағына, театрға, кинотеатрға, циркке, мұражайға, көрмеге, көрікті жерлерге және спорттық іс-шараға бару билеттерін сатып алу;
  - 24) Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметтерін сатып алу;
  - 25) материалдық көмек көрсету үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;
  - 26) акцияларының (қатысу үлестерінің) жиырма бес және одан көп пайзызы тікелей немесе жанама түрде тапсырыс берушіге тиесілі үйымдардан тікелей немесе жанама түрде тапсырыс берушінің акцияларының (қатысу үлестерінің) жиырма бес және одан көп пайзызы тиесілі үйымдардан, құрылтайшылары тапсырыс берушілер болып табылатын мекемелерден, Зияткерлік мектептер үйымдарынан тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;
  - 27) дәрілік заттар мен медициналық құралдарды сатып алу;
  - 28) апарттық жағдайларды жоюға арналған тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу; төтенше жағдайлардың салдарын өршітпеу және/немесе жою үшін, оқушылардың өміріне және/немесе денсаулығына қауіп төндіретін оқиғалардың салдарын, оның ішінде себептерін жою үшін электр энергетикалық обьектілердегі тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі және өзге де қауіпті өндірістік обьектілердегі апарттарды жою үшін, сондай-ақ растайтын құжаттар болған жағдайда шұғыл қалпына келтіруді талап ететін коммуникациялар, механизмдер, агрегаттар, қосалқы бөлшектер және материалдар сынған, іsten шықкан кезде апарттық жағдайларды жоюға арналған тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;
  - 29) ДББҰ Зияткерлік мектептерінің оқушыларына арналған International English Language Testing System (IELTS) ағылшын тілінен халықаралық емтиханды ұйымдастыру және өткізу қызметтерін сатып алу;
  - 30) оқушыларды және/немесе педагог қызметкерлерді бағалау шараларын автоматтандыру және цифрландыру қызметтерін сатып алу;
  - 31) оқу, ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, инновациялық жұмыстарды және/немесе жобаларды жүзеге асыру үшін зертханалық шығыс материалдарын, химиялық реактивтерді және прекурсорларды сатып алу;
  - 32) стратегиялық серіктестерден, оның ішінде олардың еншілес үйымдарынан тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;
  - 33) ақылы қызметтер көрсетуден түсsetіn қаражат есебінен алынатын және жүзеге асырылатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алу.
- Ақылы қызметтер көрсетуден түсsetіn қаражат есебінен алынатын және жүзеге асырылатын тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу тәртібі ДББҰ алқалы атқарушы органдының шешімімен анықталады.

## 2-бөлім. Терминдер мен анықтамалар

**2.1. Осы Ережелерде қолданылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:**

**ДББҰ – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімі**

**әлеуетті жеткізушиңің үлестес тұлғасы** – әлеуетті жеткізушиңің шешімдерін анықтауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша турде бекітілген мәміленің күшіне орай ықпал ететін кез келген жеке немесе занды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты әлеуетті жеткізушиңің осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе занды тұлға;

**ішкі құжаттар** – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ішкі нормативтік құжаттары

**біртекті тауарлардың түрлері** – бір-бірін алмастырмайтын біртекті тауарлар;

**азаматтық объектілер** – өндірістік емес саланың объектілері (ғимараттары): тұрғын үйлер, тұрғын үй кешендері, жатақханалар, қонақ үйлер, сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, мектептер, оқу орындары, Медициналық және балалар мекемелері, театрлар, мәдениет үйлері, кинотеатрлар, клубтар, шығармашылық сарайлары, кеңсе ғимараттары, спорт ғимараттары, кітапханалар, мұражайлар, әкімшілік ғимараттар, сапаржайлар, әуежайлар;

**сатып алу шарты** – осы Ережелерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тапсырыс беруші мен жеткізуши арасында бекітілген тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, тапсырыс берушінің жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ жарғылық қызметтің орындау үшін қызметтер көрсету туралы азаматтық-құқықтық шарт;

**ұзак мерзімді шарт** – орындау мерзімі 12 (он еki) айдан асатын сатып алу шарты;

**жосықсыз әлеуетті жеткізушилердің (жеткізушилердің) бірыңғай тізілімі** – тапсырыс берушінің жосықсыз әлеуетті жеткізушилері (жеткізушилері) туралы жүйеленген мәліметтер;

**тапсырыс беруші** – Қордың ұйымдық құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімі (оның ішінде филиалдары) және оның ұйымдары;

**сатып алу** – тапсырыс берушінің осы Ережелерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылатын жұмыстарын, сондай-ақ функцияларын немесе тапсырыс берушінің жарғылық қызметтің орындауын қамтамасыз ету үшін қажетті тауарлар, жұмыстар және қызметтерді өз қарожаты есебінен ақылы негізде сатып алуы.

**Кешенді жұмыстар:**

- жұмыстар мен қызметтер жиынтығы мыналардан тұрады:

жобалау және іздестіру жұмыстарын, толықтай аяқталған құрылыш жұмыстарын орындау;

жобалау және іздестіру жұмыстарын, толықтай аяқталған құрылыш жұмыстарын басқару (қажет болған жағдайда) және орындалған жұмыстарға ілеспе тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету;

- ақпараттық технологиялар саласындағы жобаларды толықтай жүзеге асыру, оның ішінде:

ақпараттық жүйені енгізетін бағдарламалық жасақтаманы, қызметтерді жеткізу және жабдықты жеткізу (қажет болған жағдайда);

**тендерлік комиссия мүшесінің мүдделер қақтығысы-** тендерлік комиссия мүшесінің жеке мүдделері оның тендерлік комиссия шешімдерін қабылдауға қатысуының бейтараптығына әсер етуі мүмкін жағдай;

**біртекті тауарлар, жұмыстар, қызметтер**-бірдей емес, ұқсас сипаттамалары бар және бірдей функцияларды орындауға мүмкіндік беретін ұқсас құрамдастардан тұратын тауарлар, жұмыстар, қызметтер;

**сатып алушты үйымдастыруши** – сатып алушты үйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты өзінің құрылымдық немесе оқшауланған бөлімшесі (қызметкері) тұлғасында тапсырыс беруші немесе сатып алушты үйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау мақсатында анықталған занды тұлға;

**Зияткерлік мектептер үйымдары** - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйимы құратын коммерциялық емес үйимдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығындағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйимына тиесілі басқа занды тұлғалар, сондай-ақ қордың үйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес үйимдарды қоспағанда, олардың еншілес үйимдары;

**жеткізуши** – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, занды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, олар үшін Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше белгіленбесе), тапсырыс берушімен бекітілген сатып алу шартында оның қарсы агенті ретіндеге әрекет ететін занды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға Ережелердің 16-бөлімінде қарастырылған жағдайларға сәйкес келсе, жеткізуши болып табылуы мүмкін;

**әлеуетті жеткізуши** – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, сатып алу шартын бекітуге үміткер занды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, олар үшін Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше белгіленбесе), занды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға Ережелердің 16-бөлімінің тармақтарында қарастырылған жағдайларға сәйкес келсе, әлеуетті жеткізуши болып табылуы мүмкін;

**резиденттер** – басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген тұрақты тұру құжаты бар ҚР азаматтарынан басқа Қазақстан Республикасының азаматтары, оның ішінде шетелде уақытша жүрген немесе одан тыс жерде мемлекеттік қызметте жүрген азаматтар; Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына құжаты бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, оның аумағында орналасқан барлық занды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде орналасқан олардың филиалдары мен өкілдіктері;

Қазақстан Республикасының одан тыс жерлердегі дипломатиялық, сауда және өзге де ресми өкілдіктері;

**стратегиялық әріптестер** – ДББҰ-ның қамқоршылық кеңесі анықтайтын, оның ішінде тиісті ресурстары (зияткерлік, ғылыми, әдістемелік, білім беру, технологиялық, кадрлық және басқалары) бар және мынадай бір немесе бірнеше салада қызмет тәжірибесі бар еншілес үйимдары бар шетелдік үйимдар:

білім беруде заманауи әдіснама мен жаңа технологияларды енгізу;

білім берудің инновациялық мазмұнын, заманауи білім беру бағдарламаларын, оқулықтар мен білім беру ресурстарын әзірлеу және енгізу;

білім беру қызметін және оның нәтижелерін, оның ішінде оқу сапасы мен оқушылардың білім беру бағдарламаларын менгеру нәтижелерін мониторингтеуді, сыртқы бағалауды жүзеге асыру;

білім сапасын бақылау және бағалау құралдарын, балалар мен мұғалімдердің конкурстық іріктеу құралдары мен технологияларын әзірлеу және енгізу;

оку үдерісін қамтамасыз ететін кабинеттер мен зертханаларға арналған жабдықтарды әзірлеу және өндіру;

сәүлет, қала құрылышы және/немесе құрылыш қызметі;

**сатып алу мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімше – сатып алу мәселелеріне жауапты тұлға**) – сатып алушты үйимдастыруға және өткізуге жауапты құрылымдық немесе оқшауланған бөлімше (қызметкер);

**тауарлар** – қатты, сұйық немесе газ тәрізді күйдегі заттар, оның ішінде жартылай фабрикаттар немесе шикізат, электр және жылу энергиясы, шығармашылық зияткерлік іс-

шаралардың объективті нәтижелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін бекітуге болатын заттық құқықтар;

**жұмыстар** – заттай нәтижесі бар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет;

**қызметтер** – тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, заттай нәтижесі жоқ қызмет;

**тендерлік құжаттама** – тендерлік өтінімді дайындау үшін әлеуетті жеткізушиге ұсынылатын және тендерді өткізу шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын құжаттама;

**тендерлік баға ұсынысы** – әлеуетті жеткізуши тендер тәсілімен сатып алуға қатысу үшін тапсырган, тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімге қоса берілетін баға;

**комиссия** – сатып алуды өткізу рәсімін орындау үшін сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалы орган;

**шартты баға** – тендерге қатысуышының тендерлік баға ұсынысына тендерлік құжаттамада көзделген өлшемшарттардың салыстырмалы мәнін қолдануды ескеріп есептелген және тендердің жеңімпазын анықтау мақсатында тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру кезіндеған пайдаланылатын баға; **өндірістік База** – жер участкесін, әкімшілік(тер) және техникалық ғимаратты(тарды) қамтитын мұліктік кешен;

**сарапшы** – сатып алуды ұйымдастырушының, немесе Тапсырыс берушінің сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің техникалық ерекшелігін (техникалық нұсқамасын) әзірлеуге қатысуға, сондай-ақ әлеуетті жеткізушиңін ұсыныстарының сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасына (техникалық нұсқама) сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды жасайтын жеке тұлға;

**сараптама комиссиясы** – сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасын (техникалық нұсқама) әзірлеуге қатысатын, сондай-ақ әлеуетті жеткізушилердің ұсыныстарының сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасына (техникалық нұсқама) сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды жасау үшін тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) құратын (анықтайдын) алқалы орган (маман);

**Электрондық сатып алу** – сатып алуды ұйымдастыру және өткізу процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді пайдаланып сатып алу;

**Электрондық сатып алу порталы (ЭСП)** – ДББҰ тауарларын, жұмыстарын, қызметтерін электрондық сатып алуды жүзеге асыруға арналған ақпараттық жүйе;

**электрондық цифрлық қолтаңба** – электрондық цифрлық қолтаңба қуралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы;

**дәйексіз ақпарат** – әлеуетті жеткізушиңін тендерге қатысуға өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті жеткізушиңін тапсырылған өтінімінің нақты мазмұнын бұрмалайтын және шындыққа сәйкес келмейтін түзетулер жолымен енгізілген жалған мәліметтер;

**электрондық құжат** – ақпарат электрондық-цифрлық форматта тапсырылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәланырылған құжат;

**әлеуетті жеткізушиңін үлестес тұлғасы** – шешімдерді анықтауға және (немесе) осы әлеуетті жеткізуши қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша түрде бекітілген мәмілелеге байланысты ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе занды тұлға, сондай-ақ осы әлеуетті жеткізушиңін өзіне қатысты осындай құқығы бар кез келген жеке немесе занды тұлға.

Сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру барысында Ережелер арқылы анықталмаса, Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе іскерлік айналым ережелерінде белгіленген терминдер мен анықтамалар пайдаланылады.

Осы Ережелерде, контекст басқаша болмаған жағдайда, жекеше түрдегі сөздер көпше түрде, көпше түрдегі сөздер жекеше түрде қолданылады.

### **3-бөлім. Жалпы ережелер**

3.1. Сатып алушты өткізуді ұйымдастыру, сатып алушты жүзеге асыру кезіндегі өзара әрекеттестіктер және өзге де мәселелер осы Ережемен, сондай-ақ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі. Сатып алуға қатысты ішкі құжаттар осы Ережеге қайшы келмеуі тиіс.

3.2. Тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу келесі қағидаттарға негізделеді:

1) инвестициялық жобаларды тиімді жүзеге асыру;

2) әлеуетті жеткізушилерге сатып алушты өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) әлеуетті жеткізушилер арасындағы адал бәсекелестік;

4) сатып алу үдерісінің ашықтығы және айқындығы;

5) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

6) сатып алу үдерісіне дедалдардың қатысуын барынша азайту;

7) қабылданатын шешімдерді бақылау және олар үшін жауапкершілік алу.

3.3. Сатып алу үдерісі мыналарды қамтиды:

1) тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу жоспарын (бұдан әрі – сатып алу жоспары) әзірлеу және бекіту;

2) сатып алу рәсімдерін өткізу және жеткізушиі таңдау;

3) сатып алу шартын бекіту.

3.4. Сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер.

3.4.1. Әлеуетті жеткізуши мына жағдайларда өткізілетін сатып алуға қатысу құқығынан айрылады:

әлеуетті жеткізушиңің басшыларының және/немесе осы әлеуетті жеткізушиңің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы немесе жекжаттары жеткізушиңі таңдау туралы шешім қабылдауға құқылы немесе өткізілетін сатып ауларда тапсырыс берушінің немесе сатып алушты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

әлеуетті жеткізуши және/немесе оның қосалқы мердігері жосықсыз әлеуетті жеткізушилердің (жеткізушилердің) бірыңғай тізілімінде және/немесе мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болса;

консорциумға кіретін заңды тұлға жосықсыз әлеуетті жеткізушилердің (жеткізушилердің) бірыңғай тізілімінде және/немесе мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болса;

әлеуетті жеткізушиңің және/немесе оның қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушының) қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті жеткізуши азаматы болып табылатын мемлекеттік заңнамасына сәйкес тоқтатылған болса;

сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушиңің басшысы жосықсыз әлеуетті жеткізушилердің (жеткізушилердің) бірыңғай тізіліміндегі және/немесе мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміндегі заңды тұлғаларды, мекемелерді басқарумен, жарғылық капиталына қатысумен байланысы болса;

сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушиңің басшысы қәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, жосықсыз әлеуетті жеткізушилердің (жеткізушилердің) бірыңғай тізілімінде және/немесе мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде енгізілген жеке тұлға болып табылатын болса;

қәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлға болып табылатын, сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуши жосықсыз әлеуетті жеткізушилердің (жеткізушилердің) бірыңғай тізілімінде және/немесе мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде енгізілген әлеуетті жеткізушиңің басшысы болса;

әлеуетті жеткізуши және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылар (акционерлер) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға

байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген болса.

3.4.2. Әлеуетті жеткізушінің және әлеуетті жеткізушінің еншілес тұлғасының тендер тәсілімен сатып алушың бір лотына қатысуға құқығы жоқ.

3.4.3. Осы Ереженің 3.4.1 және 3.4.2-тармақтардың талаптары сатып алушы жүзеге асырудың кез-келген кезеңінде сақталуы тиіс.

3.5. Жосықсыз әлеуетті жеткізушілердің (жеткізушілердің) бірынғай тізілімін ДББҰ-ның аткарушы органы анықтаған тәртіпке сәйкес ДББҰ-ның сатып алу мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшесі жүргізеді.

3.6. Тапсырыс беруші сатып алушың кез-келген кезеңінде сатып алу жоспарында көзделген тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуға арналған шығыстар қысқартылған жағдайда, тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу қажеттілігі немесе орынсыздығы негізделген азайтылған жағдайларда сатып алушы жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Бұл жағдайда тапсырыс беруші / сатып алушы ұйымдастыруышы мыналарды орындауға міндетті:

1) сатып алушы жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы өткізілетін сатып алуға қатысатын тұлғаларды хабардар ету және ЭСП-да тиісті хабарландыруды жариялау;

2) сатып алушы жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде енгізілген өтінімдерді қайтаруға құқылы.

Тапсырыс берушінің сатып алушы жүзеге асырудан бас тарту туралы шешіміне қатысты жасалған шағымдар қабылданбайды.

3.7. Жеткізушінің таңдау келесі жолдармен жүзеге асырылады:

- 1) тендер;
- 2) баға ұсыныстарын сұрату;
- 3) бір көзден алу.

Сатып алушы жүзеге асыру тәсілін тапсырыс беруші тендерлік комиссия баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу комиссиясы бір көзден сатып алу тәсілі арқылы жүзеге асыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда осы Ережеге сәйкес дербес тандайды.

Осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы тармақта көзделген тәсілдермен жүзеге асырылатын сатып аулар ЭПС-да электрондық сатып аулар арқылы жүргізіледі.

3.8. Тапсырыс берушінің/ұйымдастыруышының сатып алушы жүзеге асыру кезіндегі құқықтары:

1) тауарлар, жұмыстар және қызметтерді біртектілігі, олардың ұқсас сипаттамалары мен құрамастары бойынша немесе оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлу;

2) бір лотта техникалық сипаттамалары мен ерекше нұсқамалары құрделі және бірнеше өзара байланысты құрамастардан тұратын тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алушы көздеу.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алушы өткізу туралы хабарландыруды әзірлеу кезінде біртекті тауарларды бір лотқа біріктіруге болады:

- 1) кеңсе тауарлары;
- 2) шаруашылық тауарлар;
- 3) жуғыш заттар;
- 4) азық-тұлік өнімдері;
- 5) құрылымдық материалдары;
- 6) электр тауарлары;
- 7) сантехникалық тауарлар;
- 8) қосалқы бөлшектер;
- 9) жеңіл өнеркәсіп тауарлары;
- 10) жиһаз өнімдері.

Бұл ретте әлеуettі жеткізушилер әрбір тауарға бағаны көрсетіп, біріктірілген лотқа баға ұсынысын қалыптастырады және біріктірілген лотта да тауарлардың ең аз жиынтық құнын ұсынған әлеуettі жеткізуши жеңімпаз болып танылады.

Әлеуettі жеткізушинің сатып алуға қатысуға тапсырылған құжаттарын қарау, сондай-ақ жеңімпазды анықтау әрбір лот бойынша жеке жүзеге асырылады.

3.9. Әлеуettі жеткізуши өзінің тендер тәсілімен сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығындарды өзі көтереді. Сатып алуды ұйымдастырушы, тапсырыс беруші сатып алу қорытындыларына қарамастан осы шығыстарды өтеуге міндettі емес.

3.10. Сатып алуды өткізу мақсатында:

1) ДББҰ зияткерлік мектептер ұйымдары үшін сатып алуды ұйымдастырушы болуға құқылы;

2) ДББҰ онымен (олармен) келісім бойынша зияткерлік мектептердің бір (бірнеше) ұйымдары үшін сатып алуды ұйымдастырушыны айқынанықтауға құқылы;

3) Зияткерлік мектептер ұйымы келісім бойынша ұйымдастырушы ретінде зияткерлік мектептердің басқа ұйымын анықтауға құқылы;

4) Зияткерлік мектептер ұйымы онымен (олармен) келісім бойынша зияткерлік мектептердің бір (бірнеше) ұйымдары үшін сатып алуды ұйымдастырушы болуға құқылы.

#### **4-бөлім. Сатып алуды жоспарлау**

4.1. Тапсырыс беруші тиісті бюджет (бизнес-жоспар, кірістер мен шығыстар сметасы) бекітілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде осы Ережелерде және ДББҰ және оның ұйымының тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру регламентінде (бұдан әрі-Регламент) анықталған тәртіппен және нысанда тиісті жылға арналған сатып алу жоспарын әзірлейді және бекітеді.

4.2. Сатып алу жоспарын тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе оны алмастыратын тұлға бекітеді.

Сатып алу жоспары мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

1) тауарлар, жұмыстар және қызметтердің атауы;

2) қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомаларды қоса алғанда, тауарлар, жұмыстар және қызметтердің номенклатуrases;

3) сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері мен мерзімі;

4) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің жоспарланатын мерзімі мен орны;

5) ұзақ мерзімді сатып алу жағдайларында әрбір қаржы жылына бөлінген және көзделген сомалар шегінде кестеге және жылдарға бөлінген тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің жоспарланатын мерзімі.

4.3. Сатып алу жоспары макұлданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші оны ДББҰ-ның интернет-ресурсында/ЭСП-да орналастыруға міндettі. Бұған Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпия болып есептелетін мәліметтер кірмейді.

4.4. Тапсырыс беруші Сатып алу жоспарына келесі жағдайларда өзгертулер мен/немесе толықтырулар енгізуге құқылы:

1) бекітілген бюджетке өзгертулер, толықтырулар енгізу (бизнес-жоспар, кірістер мен шығыстар сметасы);

2) маркетингтік зерттеулер нәтижесінде сатып алу рәсімін жүзеге асыру туралы шешім қабылданғанға дейін сатып алуға жоспарланған тауарлар, жұмыстар және қызметтердің бағасының төмендеуі/артуы;

3) ақшалай қаражат бекітілген бюджет шенберінде және (немесе) сатып алу жоспарларының баптарына қайта бөлінген жағдайда;

4) өткізілген сатып алу қорытындылары бойынша пайда болған үнемдеу есебінен;

- 5) шетел валютасына теңгенің бағамдық айырмасының пайда болуы есебінен;
- 6) бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою;
- 7) жоспарланған сатып алу айын түзету;
- 8) сатып алу тәсілін түзету.

4.5. Тапсырыс беруші Сатып алу жоспарына өзгертулер мен/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ДББҰ-ның интернет-ресурсына/ЭСП-ға енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды орналастыруға міндettі. Бұған Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпия болып есептелетін мәліметтер кірмейді.

4.6. Осы Ережелердің 1.1-тармағына сәйкес Сатып алу нысанасы болып табылмайтын сатып алу туралы ақпарат Сатып алу жоспарына енгізілмейді.

4.7. Тапсырыс беруші сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тауарлар, жұмыстар және қызметтерді Сатып алу жоспары негізінде қабылдайды.

4.8. Осы Ережелердің 1.1-тармағына сәйкес, сондай-ақ 4.10-тармақта көзделген жағдайларда тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуды қоспағанда, бекітілген Сатып алу жоспарында көзделмеген тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуға жол берілмейді.

4.9. Жүзеге асырылу мерзімі бір қаржы жылдан астам уақыт болатын сатып алуға төмендегілерді сатып алғанда ғана жол беріледі:

- 1) аяқталуы келесі қаржы жыл(дар)ына келетін жұмыстар мен қызметтер;
- 2) өндіріліп шығуының технологиялық ұзақтығына байланысты жеткізілу мерзімі келесі қаржы жыл(дар)ына келетін активтер мен басқа тауарлар;
- 3) оқушыларды (мектепке дейінгі балаларды) тамақтандыру бойынша үш қаржы жылдан аспайтын қызметтер;
- 4) оқушыларға арналған киімді тігіп, жеткізу бойынша үш қаржы жылдан аспайтын қызметтер;

5) үш қаржы жылдан аспайтын күзету қызметтері;

6) үш қаржы жылдан аспайтын жылдық қаржы есептемесі бойынша аудит қызметтері.

4.10. Тапсырыс беруші бюджет (шығыстар сметасы, даму жоспары, бизнес-жоспар) және Сатып алу жоспары бекітілгенге (түзетілгенге) дейін тауарлар, жұмыстар және қызметтерді жеткізушін таңдауға қатысты сатып алу рәсімдерін жүзеге асыруға құқылы. Бұл жағдайда сатып алу шартын бекіту үшін жеткізушін таңдауға қатысты сатып алу үдерісі өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер міндettі түрде көрсетілген бюджет (шығындар сметасы, даму жоспары, бизнес-жоспар) және тауарлар, жұмыстар және қызметтерді Сатып алу жоспары бекітілуі (түзетілуі) керек.

4.11. Тапсырыс беруші атқарушы органның шешімі бойынша тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуды үйымдастыру және өткізу рәсімдерін өткізуі өзінің филиалдарына, Зияткерлік мектептер үйымдары мен өкілдіктеріне беруге құқылы.

## **5-бөлім. Тендер тәсілімен сатып алу**

5.1. Тендер тәсілімен сатып алу осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

5.2. Сатып алуға қатысу үшін әлеуетті жеткізуші келесі жалпы біліктілік талаптарына сәйкес келуі керек:

- 1) құқықтық қабілетті және азаматтық іс-әрекетке қабілетті болуы керек;
- 2) республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты есelenген мөлшерінен асатын төлемге қабілетті болу керек және салық берешегі болмау керек;
- 3) сатып алу шарты бойынша міндettемелерін орындауға қажетті жеткілікті материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарына ие болуы тиіс;

4) банкrottтың немесе тарату үдерістерін өту үстінде болмауы керек.

5) жұмыс тәжірибесі болу керек (қажет болған жағдайда).

5.3. Әлеуетті жеткізуші келесі негізdemelerдің бірі бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін болып танылуы тиіс:

1) әлеуетті жеткізушінің және/nемесе оның қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) жұмыстар немесе қызметтердің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды тапсырмауы немесе дұрыс толтырмауы;

2) әлеуетті жеткізушінің өзінің немесе қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) жұмыс немесе қызметтің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін тапсырған құжаттарында көрсетілген мәліметтердің негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда;

3) біліктілік талаптарына қатысты берілген ақпараттың шындыққа жанаспайтын фактісі анықталған жағдайда.

Осы тармакта көзделмеген негізdemeler бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстарды немесе қызметтерді әлеуетті жеткізушінің және/nемесе оның қосалқы мердігерін (бірлесіп орындаушысын) мойындауга жол берілмейді.

5.4. Тауарлар, жұмыстар және қызметтерді тендер арқылы сатып алушы үйымдастыру және өткізу келесі бірізді әрекеттерді талап етеді:

1) тапсырыс беруші мен үйымдастырушы бір тұлға ретінде әрекет ететін жағдайларды қоспағанда, тапсырыс берушінің сатып алушы үйымдастырушыны анықтауы;

2) тауарлар, жұмыстар және қызметтерді тендер арқылы сатып алу туралы шешім қабылдау, тендерлік комиссияның құрамын, қажет болған жағдайда сараптау комиссиясының (сарапшы) құрамын бекіту, тендерлік комиссияның хатшысын анықтау, тендерлік құжаттаманы бекіту. Бұл шешім тапсырыс берушінің бірінші басшысының/сатып алушы үйымдастырушының немесе оны алмастыратын тұлғаның бүйрекі түрінде рәсімделеді;

3) тендер тәсілімен сатып алушы өткізу туралы хабарландыруды және бекітілген тендерлік құжаттаманы ЭСП-да жариялау;

4) әлеуетті жеткізушілердің тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға тендерлік өтінімдерді тапсыруы және оларды ЭСП-да тіркеуі;

5) әлеуетті жеткізушілердің тендерлік өтінімдерін ашу және тиісті ашу хаттамасын ЭСП-да жариялау;

6) тендерлік комиссияның әлеуетті жеткізушілердің тендерлік өтінімдерін олардың біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі түргышынан қарауы, тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын қалыптастыру және ЭСП-да орналастыру.

7) әлеуетті жеткізушілердің өздерінің тендерлік өтінімдерін тендерлік комиссияның тендерлік тәсілімен сатып алуға қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген ескертулері бойынша тендерлік құжаттаманың біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіруі;

8) тендерлік комиссияның әлеуетті жеткізушілердің біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген тендерлік өтінімдерін қайта қарастыруы, тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға рұқсат берілген әлеуетті жеткізушілерді анықтауы, оларға бағаны шартты төмендету критерийлерінің салыстырмалы мәнін қолдануы, тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға рұқсат беру хаттамасын әзірлеп, оны ЭСП-да орналастыруы;

9) әлеуетті жеткізушілердің тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға рұқсат берілген тендерлік баға ұсыныстары орналасқан ЭСП-ны ашу, тендер тәсілімен сатып алуға қатысушылардың шартты бағаларын салыстыру, екінші орын алған жеңімпаз бен әлеуетті жеткізушіні анықтау, тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы әзірlep, оны ЭСП-да орналастыру;

10) тапсырыс берушінің тендер тәсілімен сатып алу жеңімпазымен сатып алу шартын бекітуі.

## 6-бөлім. Тендерлік комиссия, сараптау комиссиясы (сарапшы)

6.1. Тендер тәсілімен сатып алушы үйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін тапсырыс беруші/үйымдастырушы тендер тәсілімен әрбір сатып алуға тендер комиссиясының құрамын бекітіп, тендер комиссиясының хатшысын анықтайды.

Тендерлік комиссияны құру және тендерлік комиссияның хатшысын анықтау туралы шешімді тапсырыс берушінің/үйымдастырушының бірінші басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қабылдайды.

Тендер комиссиясының құрамына тендерлік комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары және мүшелері кіреді. Төраға болмаған кезде оның қызметін тендерлік комиссия төрағасының орынбасары атқарады. Тендерлік комиссияның құрамы тақ саннан құралып, 5 (бес) адамнан кем болмауы тиіс.

Тендерлік комиссияның төрағасы ретінде тапсырыс берушінің/сатып алушы үйымдастырушының бірінші басшысы немесе бірінші басшысының орынбасары немесе аталған тұлғаларды алмастыратын тұлға әрекет етеді.

6.2. Тендерлік комиссияның төрағасы:

- 1) тендерлік комиссияның қызметін басқарады;
- 2) осы Ережелерде көзделген басқы да қызметтерді атқарады.

6.3. Тендерлік комиссия оны құру туралы шешім қүніне енген қүннен бастап әрекет етеді және сатып алу шарты бекітілген қүннен бастап немесе осы Ережелердің 3.6-тармағында көзделген жағдай орын алған кезде өз қызметін тоқтатады.

6.4. Тендерлік комиссия мүшелерінің бірі қатыспаған жағдайда, тендерлік комиссияның хаттамасында оның қатыспау себебі көрсетіліп, оны растайтын құжатқа (бар болса) сілтеме жасалады.

Тендерлік комиссияның қарапайым көпшілігі болмаған жағдайда, тапсырыс беруші/сатып алушы үйымдастырушы кворумға кол жеткізу үшін (тиісті бұйрық шығару арқылы) тендерлік комиссияның отырысқа қатыспаған мүшесін/мүшелерін алмастырады. Тапсырыс беруші/сатып алушы үйымдастырушы қатыспаған тендерлік комиссия хатшысын және/немесе сарапшысын міндетті түрде басқа тұлға(лар)мен алмастырады.

6.5. Тендерлік комиссияның шешімі ЭСП-да дауыс беру арқылы қабылданып, оған тендерлік комиссияның жалпы құрамынан көпшілік дауысы берілсе, қабылданған болып саналады.

Тендерлік комиссияның жалпы құрамының дауыстары тең болған жағдайда, тендерлік комиссия төрағасының, ол болмаған жағдайда төраға орынбасарының дауысы шешуші болып табылады.

6.6. Тендерлік комиссияның мүшесі тендерлік комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, хаттамаға құжаттың электрондық көшірмесі түрінде ЭСП-да орналастырылатын ерекше пікір білдірге құқылы.

6.7. Тендерлік комиссия мүшелерінің біреуінде мүдделер қақтығысы болған жағдайда, сол тұлға бұл туралы тендерлік комиссияға жазбаша түрде хабарлайды, ал тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік комиссияның хаттамасына тиісті жазба жасайды. Бұл ретте бұл тұлға тендерлік комиссияның шешімдеріне қатыспайды.

6.8. Тендерлік комиссияның үйымдастыру қызметін тендерлік комиссияның мүшесі болып табылмайтын және тендерлік комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ тендерлік комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді.

6.9. Тендерлік комиссияның хатшысы сатып алу мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері қатарынан тағайындалып, келесі қызметтерді атқарады:

- 1) хабарландыруды және бекітілген тендерлік құжаттаманы қалыптастырып, ЭСП-да орналастырады;

2) тендерлік өтінімдерді ашу хаттамасын, тендер тәсілімен сатып алуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын, тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға рұқсат беру хаттамасын, тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы, сондай-ақ болған кезде басқа да құжаттарды қалыптастырады, қол қояды және ЭСП-да орналастырады;

3) банктік кепілдіктердің түпнұсқаларын тіркеу журналына ақпаратты уақтылы енгізеді;

2) осы Ережелерде көзделген басқа да қызметтерді атқарады.

6.10. Тапсырыс беруші/ұйымдастырушы техникалық тапсырманы және/немесе техникалық ерекшеліктерді әзірлеу, әлеуettі жеткізушилер ұсынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігін анықтау үшін сараптама комиссиясын құруға (сарапшыны тартуға) құқылы.

Тапсырыс берушінің/ұйымдастырушының техникалық тапсырманы және/немесе техникалық ерекшеліктерді әзірлеу, әлеуettі жеткізушилер ұсынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігін анықтайтын тиесілі қызметкерлері болмаса, тапсырыс беруші/ұйымдастырушы мемлекеттік қызметкерлерді сарапшы ретінде ақысыз негізде тартуға, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша ақылы негізде де, ақысыз негізде басқа да мамандарды тартуға құқылы.

Сарапшы ретінде тартылатын адамның қызметі сатып алу мәніне сәйкес салаға қатысты болуы шарт.

6.11. Бірнеше сарапшы тартылған жағдайда тапсырыс беруші/ұйымдастырушы тартылған сарапшылар қатарынан сараптама комиссиясын қалыптастырып, олардың арасынан сараптама комиссиясының басшысын тағайындайды. Сараптама комиссиясының құрамы кемінде 3 (үш) адамнан тұруы тиіс.

6.12. Сараптама комиссиясы (сарапшылар) әлеуettі жеткізушилер тапсыратын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жазбаша сараптамалық қорытынды жасайды және олардың тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

Сарапшы сараптама комиссиясының қорытындысымен келіспеген жағдайда, ол өзгеше пікірін жазбаша түрде баяндайды. Бұл өзгеше пікір сараптамалық комиссияның қорытындысына қосымша ретінде тіркеліп, оның ажырамас бөлігі болып табылады.

6.13. Төменде көрсетілген тұлғалар сарапшы бола алмайды:

1) сатып алу нәтижелерінде өз мүддесін көздейтін тұлғалар;

2) тапсырыс берушімен, сатып алуды ұйымдастырушымен немесе оларға бағынышты, еншілес және тәуелді ұйымдармен немесе әлеуettі жеткізушилермен еңбек қатаистарымен байланысты тұлғалар;

3) тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы немесе оларға бағынышты, еншілес және тәуелді ұйымдардың бірінші басшыларының жақын туыстары, жұбайлары немесе жекжаттары.

Тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде сарапшылардың дауыс беру құқығы жоқ.

## **7-бөлім. Тендерлік құжаттама**

7.1. Сатып алуды ұйымдастырушы сатып алу рәсімін өткізудің шарттары мен тәртібін анықтау үшін әрбір сатып алуға тендерлік құжаттама қалыптастырады.

Тендерлік құжаттама тапсырыс берушінің/ұйымдастырушының бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен бекітіледі.

7.2. Тендерлік құжаттаманы сатып алуды ұйымдастырушы әзірлейді және л келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

1) тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының атавы және орналасқан жері;

2) әлеуettі жеткізуши (және ол тартатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарының тізбесі;

3) әлеуettі жеткізуши (және ол тартатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарының тізбесі;

4) сипаттама және сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттама (белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттаманың қажетті бөлімі), техникалық сипаттамалар және қажет болған жағдайда нормативтік-техникалық құжаттамаға сілтемелер;

5) өткізілетін сатып алу нысанасы болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі;

6) ұсынылатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің сапасына кепілдік беру;

7) тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны мен шарттары;

8) тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімі;

9) төлем шарттары;

10) бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін әлеуettі жеткізушилердің тендерге қатысуға өтінімдерін бағалаудың және салыстырудың барлық міндегі критерийлерінің сипаттамасы;

11) тендерлік баға ұсынысының мазмұнына қойылатын талаптар:

әлеуettі жеткізушиңің тендерлік баға ұсынысында қосылған құн салығының сомасын шегеріліп, тауарлар, жұмыстар және қызметтер бірлігінің бағасы, сондай-ақ олардың жалпы сомасы, оның ішінде оларды тасымалдауға және сақтандыруға, кедендей баждарды және басқа да салықтарды, алымдарды төлеуге жұмсалған шығыстар, сондай-ақ тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарында көзделген өзге де шығыстар көрсетілуі тиіс;

12) әлеуettі жеткізушиңің тендерлік баға ұсынысында көрсетілетін валюта немесе валюталар, сондай-ақ тендерлік баға ұсыныстарын салыстырудың, бағалау мақсатында оларды бірыңғай валютага келтіруге қолданылатын валюта бағамы;

13) әлеуettі жеткізуши қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты немесе қызметтерді орындау үшін бере алатын жұмыстар мен қызметтердің шекті мөлшері.

Әлеуettі жеткізушиңің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жұмыстар мен қызметтер көлемінің жалпы алғанда 2/3 (үштен екі) бөлігінен астамын қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беруге жол берілмейді;

14) маңызды талаптары көрсетілген сатып алу шартының жобасы;

15) тендерге қатысуға тендерлік өтінімдерді құрастыру және тапсыру тіліне қойылатын талаптар;

16) тендерлік өтінімді қамтамасыз ететін кепілді салу шарттары, құрамы және түрі;

17) әлеуettі жеткізушиңің өзінің тендерлік өтінімін тапсырудың соңғы мерзімі өткенге оны өзгерту немесе қайтарып алу құқығына сілтеме;

18) тендерлік өтінімді тапсыру тәртібі, тәсілі, орны және соңғы мерзімі және тендерлік өтінімдердің талап етілетін қолданылу мерзімі;

19) әлеуettі жеткізушилермен тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіруге қатысты кездесу өткізу шарттары (тендерлік құжаттамада әлеуettі жеткізушилермен кездесу өткізу көзделген жағдайда), сондай-ақ әлеуettі жеткізушилер олардың көмегімен тендерлік құжаттаманың мазмұны бойынша түсініктеме сұрай алатын тәсілдер;

20) тендерлік өтінімдерді ашу орны, күні және уақыты;

21) тендерлік өтінімдерді ашу, тендерлік өтінімдерді қарастыру, тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру рәсімінің сипаттамасы;

22) сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепілді салу талаптары, көлемі және тәсілі;

23) тендер тәсілімен өткізілетін сатып алу нысаны болып табылатын тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуға белінген сомалар туралы мәлімет;

24) жариялануға жататын ақпаратты орналастыру жоспарланатын Интернет-ресурстың электрондық мекен-жайы;

25) тендерлік құжаттамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі мен мерзімі;

26) тендер қорытындылары бойынша сатып алу шартын бекіту тәртібі.

7.3. Тапсырыс беруші/ұйымдастырушы қажет болған жағдайда тендерлік құжаттамада келесідей арнайы біліктілік талаптарын белгілеуге құқылы:

1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы. Алайда мынадай сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтерді қоспағанда, жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талап 1 (бір) жылдан аспауы тиіс:

жаңа обьектілерді салу барысында – ағымдағы жылдың алдындағы соңғы 5 (бес) жыл ішінде кемінде 3 (үш) аяқталған азаматтық обьектіні салу тәжірибесі болу керек. Құрылым бойынша кешенді жұмыстарды сатып алу жүзеге асырылған жағдайда, тартылатын қосалқы мердігердің ағымдағы жылдың алдындағы соңғы 5 жыл ішінде жобалауда кемінде 3 (үш) азаматтық обьектіні жобалау жұмыс тәжірибесі;

күзет қызметтерін көрсету – ағымдағы жылдың алдындағы соңғы 10 (он) жыл ішінде кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі;

окушыларға киім тігу, жеткізу – ағымдағы жылдың алдындағы соңғы 10 (он) жыл ішінде кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі;

тамақтану қызметтерін көрсету – ағымдағы жылдың алдындағы соңғы 10 (он) жыл ішінде кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі;

аудиторлық қызметтерді, сондай-ақ аудитке ілеспе қызметтерді көрсету – ағымдағы жылдың алдындағы соңғы 10 (он) жыл ішінде кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі;

консультациялық (консалтинг) қызметтерін көрсету – ағымдағы жылдың алдындағы соңғы 10 (он) жыл ішінде кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі;

оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің таралымын көбейту қызметтерін көрсету – ағымдағы жылдың алдындағы соңғы 10 (он) жыл ішінде кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талап қосымша белгіленуі мүмкін;

2) жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету және тауарларды жеткізу үшін жабдықтардың (сандық және сапалық сипаттамалары), өндірістік (оның ішінде қойма) үй-жайлардың, тетіктердің, базаның, қызмет көрсету орталығының және жабдықтардың (растайтын құжаттардың нотариалды күәландырылған көшірмелерімен қоса) болуы;

3) жұмыстарды, қызметтерді орындау үшін қажетті еңбек ресурстарының болуы (штатта немесе азаматтық құқықтық шарттардың негізінде болуы);

4) тиісті нотариалды күәландырылған құжаттардың (дипломдар, сертификаттар, куәліктер және басқа да құжаттар) көшірмелерімен расталған, тендердің нысанына сәйкес салада жұмыс тәжірибесі бар білікті мамандардың болуы. Алайда мамандардан 5 (бес) жылдан асатын жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талап белгілеуге жол берілмейді;

5) зияткерлік меншік обьектілеріне құқықтар алынған жағдайда зияткерлік меншік обьектілеріне айрықша құқықтардың болуы.

7.4. Тендерлік құжаттамада әлеуетті жеткізушилерге өткізілетін тендер шарттары туралы барынша толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін басқа да қосымша талаптар және/немесе мәліметтер болуы мүмкін.

7.5. Тендерлік құжаттамада тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, фирмалық атаулар, патенттер, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауар шығарылған жердің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауар, жұмыс және қызметтің жекелеген әлеуетті жеткізушиге тиесілігін анықтайдын өзге де сипаттамаларға сілтемелердің болуына жол берілмейді, оған келесі жағдайлар кірмейді:

- тауарларды толық жасақтау, жаңғырту және жете жарақтандыру, қолда бар негізгі (орнатылған) жабдықтың қолданылуға жарамдылығы мен үйлесімділігі үшін, сондай-ақ одан

әрі техникалық қолдау көрсетеу, сервистік қызмет көрсетеу және жөндеу, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықты жоспарлы жөндеу үшін сатып алу;

- орындалуы (көрсетілуі) тапсырыс берушінің негізгі (орнатылған) жабдығын пайдалануға, техникалық қолдау көрсетеуге, сервистік қызмет көрсетеуге және жөндеуге, оның ішінде жоспарлы жөндеуге байланысты жұмыстар мен қызметтерді сатып алу.

7.6. Тендерлік құжаттамада бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін әлеуетті жеткізушілердің тендерлік өтінімдерін бағалау мен салыстырудың келесідей критерийлері көзделеді:

1) әлеуетті жеткізушінің ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы – жұмыстың шарттар мен тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсете фактісін растайтын құжаттардың тиісті түпнұсқаларымен немесе нотариалды куәландырылған көшірмелерімен расталған әрбір келесі бір жылы үшін 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ 5%-дан (бес пайыздан) аспайды.

Осы тармақшаның талаптары жаңа объектілер салу жұмыстарын сатып алу кезінде қолданылмайды;

2) әлеуетті жеткізушінің ағымдағы жылдың алдындағы соңғы бес жыл ішінде азаматтық объектілердің құрылышында жұмыс тәжірибесінің болуы, үл ретте құны төмендегі көрсеткіштерді құрайтын объектілердің құрылышы да жұмыс тәжірибесіне теңестіріледі:

- осы тендерде сатып алынатын жұмыстардың жалпы құнының кемінде 15% (он бес) пайызы, әлеуетті жеткізушінің бас мердігер ретінде тәжірибесі болса, әрбір объект үшін бағаның шартты түрде 0,5%-ға (нөл бүтін оннан бес) пайызға төмендеуі;

- сатып алынатын жұмыстардың жалпы құнының 50% (елу) пайызынан астамы, әлеуетті жеткізушінің бас мердігер ретінде тәжірибесі болса, әрбір объект үшін бағаның шартты түрде 1% (бір) пайызға төмендеуі;

Жұмыс тәжірибесі орындалған жұмыстардың құны мен фактісін, сондай-ақ бас мердігердің мәртебесін растайтын шарттар мен орындалған жұмыстар актілерінің және/немесе шарттарының және/немесе КС-3 анықтамаларының және/немесе қабылдау комиссиясы актілерінің тиісті нотариалды куәландырылған көшірмелерімен расталуы тиіс.

Осы критерийдің тендерге қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсер 30% (отыз) пайыздан аспауы тиіс.

Осы тармақшаның талаптары жаңа объектілерді салу жұмыстарын сатып алу кезіндеғана қолданылады.

3) әлеуетті жеткізуінде өткізілетін сатып алу нысанына сәйкес тендерлік құжаттамаға (сертификатталған жүйелерге) сәйкес талап етілетін сертификаттардың болуы – бағаның шартты түрде 2%-ға (екі пайызға) төмендеуі.

Әлеуетті жеткізуінде өткізілетін сатып алу нысанасына сәйкес тендерлік құжаттамаға (сертификатталған жүйелерге) сәйкес талап етілетін сертификаттардың болуын раставу үшін әлеуетті жеткізуі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін тапсырады.

7.7. Әлеуетті жеткізуі бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін критерийлерді растайтын құжаттарды тапсырмаған жағдайда, тендерлік комиссия мұндай әлеуетті жеткізуінде шартты женілдікті қолданбайды.

7.8. Тендерлік құжаттамада әлеуетті жеткізуі тендер тәсілімен сатып алу жеңімпазы болып анықталған жағдайда оның сатып алу шартын бекітуіне және сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепілдік салатынына кепіл болатын тендерлік өтінімді қамтамасыз ететін кепіл салуы көзделуі тиіс.

7.9. Тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ететін кепіл тендерлік құжаттамада көрсетілген тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуға бөлінген соманың кемінде 1 (бір) пайызы мөлшерінде салынады. Тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ететін кепілдің тиынмен есептелген сомасы дөңгелектенеді. Үл ретте елу

тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынға тең және одан артық сома бір тенгеге дейін дөңгелектенеді.

Тендер тәсілімен сатып алуға бірнеше лот бойынша қатысқан жағдайда, әлеуettі жеткізуіші әрбір лотқа тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ететін кепілді бөлек салуға міндетті.

Тендерлік өтінімді қамтамасыз ететін кепілдің мерзімі тендерлік өтінімнің мерзімінен кем болмауға тиіс.

Әлеуettі жеткізуіші тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ететін кепілдің келесі түрлерінің бірін таңдауға құқылы:

1) тендердің (лоттың) атауын көрсетіп, сатып алады ұйымдастыруышының банктік шотына салынатын кепілдік ақшалай жарна;

2) тендерлік құжаттамада көзделген қағаз тасымалдағыштағы банк кепілдігі.

Әлеуettі жеткізуіші тендерлік өтінімді қамтамасыз ететін кепілді банк кепілдігі түрінде салған жағдайда, әлеуettі жеткізуіші сатып алады ұйымдастыруышға ЭСП-да өтінім берудің соңғы мерзімі өткенге дейін банк кепілдігінің түпнұсқасын тапсыруға міндетті.

7.10. Әлеуettі жеткізуішінің тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімнің мерзімі өткенге дейін үшінші тұлғаларда салынған кепілдік ақшалай жарнаға толықтай немесе ішінара талап ету құқығының туындауына әкеліп соғатын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

7.11. Әлеуettі жеткізуіші салған тендерлік өтінімді қамтамасыз ететін кепіл келесі жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуettі жеткізуішіге қайтарылады:

1) осы әлеуettі жеткізуіші тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімін қайтарып алған жағдайларда ЭСП-да ашу орналастыру;

2) тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай тендер тәсілімен сатып аладың жеңімпазы болып анықталған әлеуettі жеткізуішіге қолданылмайды;

3) сатып алу шартының күшіне енуі және тендер тәсілімен сатып алу жеңімпазның тендерлік құжаттамада көзделген сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепіл салуы.

7.12. Әлеуettі жеткізуіші салған тендерлік өтінімді қамтамасыз ететін кепіл келесі жағдайлардың бірі орын алған кезде ұсталады:

1) тендер тәсілімен сатып алу жеңімпазы болып анықталған әлеуettі жеткізуішінің сатып алу шартын бекітуден бас тартуы;

2) тендер тәсілімен сатып алу жеңімпазы сатып алу шартын бекітіп, сатып алу шартын орындауда немесе тиісті тұрде орындауда, оның ішінде сатып алу шартын орындауды қамтамасыз ететін кепіл салу және (немесе) салу мерзімі туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талаптарды уақтылы орындауды.

7.13. Осы Ережелердің 7.12-тармағында көзделген жағдайлардың бірі туындаған кезде, тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ететін кепілдің сомасы тапсырыс берушінің кірісіне есептеледі.

7.14. Тапсырыс беруші/ұйымдастыруши өз бастамасы бойынша тендерлік өтінімдерді тапсырудың соңғы күні өткенге дейін құнтізбелік үш күннен кешіктірмей енгізілген өзгертулерді және/немесе толықтыруларды көрсетіп, тендер құжаттамасын ЭСП-да жариялау арқылы бекітілген тендерлік құжаттамаға өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы.

Алайда тендерлік өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі кемінде құнтізбелік бес күнге ұзартылуға тиіс.

7.15. Тендерлік құжаттама әлеуettі жеткізуілерге бекітілген тендерлік құжаттаманы ЭСП-да орналастыру арқылы тапсырылады.

Тендерлік құжаттаманы ЭСП-да орналастырғанға дейін оны тапсыруға болмайды.

## **8-бөлім. Тендер тәсілімен сатып алушы өткізу туралы хабарлама**

8.1. Тапсырыс беруші/сатып алушы үйымдастырушы әлеуетті жеткізушілердің тендерлік өтінімдерді тапсырудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын, ал тендер тәсілімен қайта сатып алу болған жағдайда кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын келесіге міндетті:

1) тендер тәсілімен сатып алушы жүзеге асыратыны жайлы хабарландыру мәтінін ЭСП-ға орналастыруға;

2) бекітілген тендерлік құжаттаманы ЭСП-ға орналастыруға.

Мерзім хабарландыру ЭСП-ға орналастырылған күннен бастап есептеледі.

## **9-бөлім. Тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға тапсырылатын тендерлік өтінімдердің мазмұны, рәсімделуі және тапсырылуы.**

9.1. Әлеуетті жеткізушінің тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға берген тендерлік өтінімі сатып алушы үйымдастырушыға тендерлік құжаттамада анықталған мерзімде беріледі және әлеуетті жеткізушінің тендерлік құжаттамада белгіленген талаптары мен шарттарына сәйкес тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге келісімін білдіру нысаны болып табылады.

9.2. Әлеуетті жеткізушінің тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға берген тендерлік өтінімінде:

1) тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға толтырылып және әлеуетті жеткізушінің қолы қойылып тапсырылған өтінім;

2) әлеуетті жеткізушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, өндеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген (тендер тәсілімен сатып алу шарттарында міндетті түрде лицензиялануы немесе рұқсат берілуі тиіс қызмет түрлері болған жағдайда) қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын, лицензиялардың, рұқсаттардың (хабарламалардың) және/немесе патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелері немесе электрондық құжаттың көшірмелері түрінде;

3) әлеуетті жеткізушінің қолы қойылған және мөрімен бекітілген техникалық сипаттама (техникалық тапсырма) және тендерлік құжаттаманың техникалық сипаттамасында көрсетілген талаптарға сай тапсырылатын өзге де құжаттар;

4) тендерлік өтінімді қамтамасыз ететін кепілдің салынуын растайтын құжаттың түпнұсқасы;

5) осы Ережелердің 7.6-тармағында көрсетілген бағалау және салыстыру критерийлерін өтінімге қолданылуға болатынын растайтын құжаттар (егер әлеуетті жеткізуші бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін критерийлерді қолдануға үміткер болса);

6) ресми интернет-көзінен ([www.egov.kz](http://www.egov.kz)) алынған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің электрондық көшірмесі немесе электрондық құжат нысанындағысы; жеке тұлға үшін – заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығын беретін, тиісті мемлекеттік орган берген куәліктің, хабарламаның немесе өзге де құжаттың немесе ) ресми интернет-көзінен ([www.egov.kz](http://www.egov.kz)) алынған құжаттың электрондық көшірмесі немесе электрондық құжат нысанындағысы; Анықтама, куәлік, хабарлама немесе өзге құжат алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген тендерлік өтінімдерді ашу күнінің/тендерлік өтінімге тендерлік комиссияның ескертулері бойынша толықтырулар енгізу күнінің алдындағы бір айдан ерте берілмеуі тиіс;

7) заңды тұлға үшін - құрылтайшылар туралы мәліметтерді қамтитын құжат: заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының түпнұсқасы немесе нотариус куәланышынан көшірмесі; тендерлік өтінімдерді ашу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде берілген акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірменің түпнұсқасы немесе нотариус куәланышынан көшірмесі. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың

тізлімі жүргізілген жағдайда серіктестікке қатысушылар тізлімінен үзінді көшірменің тұпнұсқасы немесе нотариус қуәландырған көшірмесі тапсырылады. Қазақстан Республикасының резидент еместері нотариус қуәландырған және қазақ және/немесе орыс тілдеріне аударылған сауда тізлімінен тұпнұсқаны немесе заңдастырылған үзінді көшірмесін тапсырады;

8) заңды тұлға үшін – әлеуетті жеткізушиңің бірінші басшысын (және ол тартатын қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тағайындау (сайлау) туралы құжаттың тұпнұсқасы немесе нотариус қуәландырған көшірмесі;

9) әлеуетті жеткізушиге қызмет көрсететін банктен немесе банк филиалынан анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам уақыт бойы әлеуетті жеткізушиде сол банк немесе банк филиалы алдында берешегінің жоқтығы туралы анықтаманың тұпнұсқасы (электрондық құжат). Ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық ұйымдардағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарына сәйкес болуы тиіс. Әлеуетті жеткізуши екінші деңгейдегі бірнеше банктердің немесе олардың филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, әр банктен осындай анықтама қажет. Анықтама алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген тендерлік өтінімдерді ашу күні/тендерлік комиссияның ескертулеріне сәйкес тендерлік өтінімге толықтырулар енгізілген күннің алдындағы бір айдан ерте берілмеуі тиіс;

10) берешектің (мемлекеттік кіріс органдарында жазбасы жүргізілетін) жоқтығы (барлығы) жайлы тұпнұсқа (электрондық құжат) (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда) немесе республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген алты есelenген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын салық берешегінің және міндетті зейнетакы жарналары және әлеуметтік аударымдардан берешегінің болуы, бұл ретте оның тендерлік өтінімдерді ашу күннің/алдын ала рұқсат беру хаттамасында тендерлік комиссия көрсеткен ескертулер негізінде тендерлік өтінімге толықтырулар енгізілген күннің алдындағы бір айдан аспай берілуі шарт;

11) тендерлік құжаттаманың талаптарында көзделген нысанға сәйкес біліктілік туралы мәліметтердің тұпнұсқасы;

12) тарсылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) осы тармақта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар (әлеуетті жеткізуши жұмысқа немесе көрсетілетін қызметтерге қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тарруды көздесе);

13) тендерде сатып алу нысанасы болып табылатын жұмыстарды қосалқы мердігерлер орындайтын болса (қызметтер бірлесіп орындаушылармен көрсетілсе), қосалқы мердігерлер туралы тендерлік құжаттаманың қосымшасына сәйкес мәліметтердің тұпнұсқасы (әлеуетті жеткізуши жұмысқа немесе қызметтерге қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тарруды көздесе);

14) әлеуетті жеткізушиңің жарғысына сәйкес әлеуетті жеткізушиңің атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқығы бар әлеуетті жеткізушиңің бірінші басшысын қоспағанда, әлеуетті жеткізушиңің мұдделерін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) тендерлік өтінімге қол қою құқығын беретін сенімхаттың тұпнұсқасы.

15) тендерлік баға ұсынысы. Электрондық сатып алу порталының операторы тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін әлеуетті жеткізушилердің тендерлік баға ұсыныстарының құпиялыштырының қамтамасыз етеді.

9.3. Тендер тәсілімен сатып алуға заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) қатысқан жағдайда, мұндай бірлестік (консорциум) келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- Ережеленің 9.2-тармағының 1), 3), 4), 15) тармақшаларында белгіленген құжаттар;
- Ережелердің 9.2-тармағының 5) тармақшасында белгіленген құжаттарды консорциум туралы келісімде белгіленген заңды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциумның) жетекшісі ғана береді. Бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін өлшемшарттарды есептеу

консорциум туралы келісімде белгіленген заңды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциумның) жетекшісіне қатысты қолданылады;

- бірлестіктің (консорциумның) әрбір қатысуышына Ережелердің 9.2. - тармағының 6) - 11)тармақшаларында белгіленген құжаттар;

- консорциум туралы келісімнің нотариалды қуәландырған көшірмесі. Бұл ретте консорциум құру туралы келісім консорциумның барлық мүшелерінің, сондай-ақ бірлестіктің (қатысуышының) әрбір мүшесінің қызметіне қатысты ортақ жауапкершілікті көздеуі тиіс;

- бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартта көзделген қызмет бөлігінде лицензиялардың, рұқсаттардың (хабарламалардың) және/немесе патенттердің, қуәліктердің, сертификаттардың, тауар беру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету құқығына арналған басқа да құжаттардың электрондық көшірмелері немесе электрондық құжаттың көшірмелері түрінде.

9.4. Қазақстан Республикасының әлеуетті бейрезидент жеткізушісі Қазақстан Республикасының резиденттері сияқты құжаттарды немесе нотариалды қуәландырылған тендерлік құжаттама тіліне аудармасы бар ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тапсырады.

9.5. Тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік құжаттамада белгіленген мерзімге сәйкес келуі тиіс.

9.6. Тендерлік құжаттамада көрсетілген мерзімнен қолданылу мерзімі қысқа тендерлік өтінім қабылданбайды.

9.7. Тендерлік өтінімді әлеуетті жеткізуши тендерлік құжаттамада көрсетілген өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі өткенге дейін ЭСП-га жүктейді.

9.8. Әлеуетті жеткізушілердің тендерлік өтінімдері ЭСП-да автоматты түрде тіркеледі.

9.9. Әлеуетті жеткізуши тендерлік өтінімдерді тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін:

1) тапсырылған тендерлік өтінімді өзгертуге және/немесе толықтыруға;

2) тендерлік өтінімді қамтамасыз ету үшін салынған кепілді қайтару құқығын жоғалтпай, өзінің тендерлік өтінімін қайтарып алуға құқылы.

9.10. Өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген тендерлік өтінімді тапсыру, сондай-ақ тендерлік өтінімді кері қайтарып алу белгіленген мерзімде ЭСП-да жүзеге асырылуы тиіс.

9.11. Әлеуетті жеткізуши үйымдастыруышыға алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген тендерлік комиссияның ескертулері бойынша тендерлік өтінімге толықтырулар ұсынған жағдайды қоспағанда, әлеуетті жеткізуши тендерлік өтінімді тапсырудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімді өзгерте және/немесе толықтыра, сондай--ақ кері қайтарып ала алмайды.

9.12. Әлеуетті жеткізуши өзінің тендер тәсілімен сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығындарды өзі көтереді. Тапсырыс беруші және/немесе үйымдастыруыш (тендерлік комиссия, сараптамалық комиссия, сарапшы) тендер тәсілімен сатып алу қорытындыларына қарамастан осы шығыстарды өтеуге міндеттелмейді.

9.13. Осы Ережелердің 9-бөлімінде көзделген құжаттар ЭСП-да электрондық және/немесе сканерленген түрде жүктеледі және әріптері, цифrlары мен өзге де таңбалары оқылуы, сондай-ақ құжаттарды қараудың қолжетімді құралдарымен ашылуы тиіс.

Әріптері, цифrlары мен өзге де таңбалары оқылмаса, сондай-ақ файл ашылмай, қате шығатын болса, құжаттардың электрондық көшірмелері тапсырылған және қарауға қабылданбаған болып есептеледі.

## **10-бөлім. Тендерлік өтінімдерді ашу**

10.1. Тендерлік құжаттамада көрсетілген күні және уақытта әлеуетті жеткізушердің тендерлік өтінімдері ЭСП-да автоматты түрде ашылады.

10.2. Әлеуетті жеткізушилердің ЭСП-га мерзімінде тапсырылған барлық тендерлік өтінімдері ашылады.

Тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға бір ғана тендерлік өтінім тапсырылған болса, онда ол өтінім ашылып, қарастырылады.

10.3. Тендерлік өтінімдерді ашу хаттамасы тендерлік өтінімдерді ашқан күні ЭСП-да автоматты түрде қалыптастырылады және оған тендерлік комиссияның төрағасы, төраға орынбасары, барлық мүшелері мен хатшысы қол қояды.

10.4. Тендерлік өтінімдерді ашу хаттамасы әлеуettі жеткізушилерге ЭСП арқылы беріледі.

10.5. Әлеуettі жеткізушилердің тендерлік өтінімдері болмаған жағдайда, ЭСП-да тендерлік өтінімдерді ашу хаттамасы қалыптастырылмайды (тендерлік өтінімдердің болмағанын хабарлайтын қорытынды хаттама қалыптастырылады).

## **11-бөлім. Тендерлік өтінімдерді қарау, алдын ала рұқсат беру, тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға рұқсат беру**

11.1. Біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттаманың талаптарына жауап беретін әлеуettі жеткізушилерді анықтау мақсатында тендерлік комиссия тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға тапсырылған өтінімдерді қарастырады.

Тендерлік комиссия біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуettі жеткізушилерді анықтаған жағдайда, тендерлік тәсілмен сатып алуға қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы рәсімделеді.

Барлық әлеуettі жеткізушилер біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келген жағдайда тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы рәсімделмейді.

11.2. Тендерлік комиссия әлеуettі жеткізушиңің біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін анықтаған жағдайда, мұндай әлеуettі жеткізушилерге ЕСП-да алдын ала рұқсат беру хаттамасы жарияланған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тендерлік өтінімдерін біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру үшін дұрыстау құқығы беріледі.

11.3. Әлеуettі жеткізушилерге тендерлік тәсілімен сатып алуға қатысуға тапсырылған өтінімдерін біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестендіріп, дұрыстауға келесі жағдайларда рұқсат берілмейді:

- 1) осы Ереженің 3.4-тармағы орындалмаса;
- 2) біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптарына қатысты бұрыс ақпарат берілсе;
- 3) тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға тапсырылған өтінімді қамтамасыз ететін кепіл салынбаған немесе ол осы Ережеде көрсетілген мөлшерде салынбаған жағдайда.

11.4. Әлеуettі жеткізушилерге тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешімді тендерлік комиссия тендерлік өтінімдер ашылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдайды. Техникалық сипаттамасы күрделі және ерекшеліктері бар тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде тендерлік комиссия тендерлік өтінімдерді тендерлік өтінімдер ашылған күннен бастап 20 (жырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

11.5. Тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға алдын ала рұқсат беру шешімі қабылданған күні тендер комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, барлық мүшелері мен тендер комиссиясының хатшысы хаттамаға қол қояды және тендер тәсілімен сатып алуға алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей ЭСП-да жарияланады.

11.6. Тендер тәсілімен сатып алуға алдын ала рұқсат беру кезінде біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін болып танылған әлеуettі жеткізуши тендерлік комиссияға өтінімдерді қайта қарау үшін тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында сәйкес емес деп көрсетілген құжаттарды, мәліметтерді және өзге де дәлелдемелерді ғана ұсынады.

Тендерлік өтінімге толықтырулар тендерлік комиссияның ескертулері негізінде және тендерлік өтінімді тапсырған кездегі талаптарға сәйкес енгізілуі тиіс.

11.7. Тендерлік өтінімге енгізілген толықтырулар алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген мерзімде ашылады.

11.8. Тендерлік комиссия толықтырулар ашылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде әлеуettі жеткізушилердің өтінімдерін, атап айтқанда тендер тәсілмен сатып алуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында сәйкес емес деп көрсетілген құжаттар, мәліметтер және өзге де растау қағаздарын біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптарына толық сәйкестендірілуі түрғысынан қайта қарап тексереді.

11.9. Өтінімдерді қараған кезде тендерлік комиссия:

1) әлеуettі жеткізушилерден өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыруға қажетті материалдар мен түсіндірмелерді сұратуға;

2) өтінімдерде көрсетілген мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және занды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

Бұл ретте өтінімдерді қарау мерзімі 15 күнтізбелік күнге ұзартылуы мүмкін.

Тендерлік комиссия өтінімдерді қайта қараған кезде тендер тәсілімен сатып алуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген себептермен әлеуettі жеткізушилерді қабылдамауға жол бермейді.

11.10. Әлеуettі жеткізуши тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға келесі жағдайларда рұқсат берілмейді (тендерге қатысушы болып танылмайды):

1) өзі және (немесе) тартатын қосалқы мердігері (бірлесіп орындаушысы) тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін болып анықталса:

техникалық сипаттаманы тапсырмаған жағдайда;

әлеуettі жеткізуши тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшеліктерді тапсырған, сондай-ақ техникалық ерекшеліктерде талап етілетін құжаттарды тапсырмаған жағдайда;

тендерде сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындауга тартылатын қосалқы мердігерлер (қызметтерді көрсету мақсатында бірлескен орындаушылар), сондай-ақ әлеуettі жеткізуши қосалқы мердігерлерге (бірлескен) тапсыратын жұмыстар мен қызметтердің түрлері (бірлескен орындаушылар) (әлеуettі жеткізуши қосалқы мердігерлерді (бірлескен орындаушаларды) тартқан жағдайда) туралы ақпарат бермеген жағдайда;

қосалқы мердігерлер туралы мәліметтер берілген жағдайда, әлеуettі жеткізуши қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) бірлесіп орындауға жұмыс пен қызметтің жалпы қөлемінің үштен екі бөлігінен астамын тапсырса;

тендерлік құжаттаманың талаптары мен осы Ережеге сәйкес тендерлік өтінімді қамтамасыз ететін кепіл салынбаған жағдайда;

2) өзі және (немесе) тартатын қосалқы мердігері (бірлесіп орындаушысы) біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін болып анықталса:

әлеуettі жеткізушиңін сатып алынатын тауарларды өндіруге, өндеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын лицензиялардың, рұқсаттардың (хабарламалардың) және/немесе патенттердің, куәліктердің, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін немесе электрондық құжат нысанын тапсырмаған жағдайда;

занды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы ресми интернет көзінен ([www.egov.kz](http://www.egov.kz)) алынған анықтама берілмеген жағдайда; жеке тұлға үшін – занды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын тиісті мемлекеттік орган беретін құжат немесе ресми интернет көзінен ([www.egov.kz](http://www.egov.kz)) алынған құжат;

занды тұлға үшін тапсырмау – құрылтайшылар туралы мәліметтерді қамтитын құжат: занда белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының түпнұсқасы немесе нотариалды күэландырылған көшірмесі; тендерлік өтінімдерді ашу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде берілген акция ұстайтындардың тізілімінен үзінді көшірменің

түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысуышылардың тізілімі жүргізілген жағдайда серіктестікке қатысуышылар тізілімінен үзінді көшірменің түпнұсқасы немесе нотариус куәландырған көшірмесі тапсырылады. Қазақстан Республикасының резидент еместері нотариус куәландырған және қазақ және/немесе орыс тілдеріне аударылған сауда тізілімінен түпнұсқаны немесе заңдастырылған үзінді көшірмесін тапсырады;

занды тұлға үшін тапсырмау – әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысын (және тартатын қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тағайындау (сайлау) туралы құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырған көшірмесі;

әлеуетті жеткізушінің банк немесе банк филиалы алдында анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам уақытқа созылатын мерзімі өткен берешегінің болуы;

берешектің (мемлекеттік кіріс органдарында жазбасы жүргізілетін) жоқтығы (барлығы) жайлы түпнұсқа (электрондық құжат) (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда) немесе республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын салық берешегінің және міндепті зейнетакы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуы жайлы түпнұсқа (электрондық құжат), бұл ретте оның тендерлік өтінімдерді ашу күнінің/алдын ала рұқсат беру хаттамасында тендерлік комиссия көрсеткен ескертулер негізінде тендерлік өтінімге толықтырулар енгізілген күннің алдындағы бір айдан аспай берілуі шарт;

тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес біліктілік туралы мәліметтердің берілмеуі, сол сияқты мәліметтердің толық берілмеуі;

әлеуетті жеткізушінің тендерлік құжаттамада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі, атап айтқанда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер нарығында жеткілікті жұмыс тәжірибесінің болмауы;

әлеуетті жеткізушінің тендерлік құжаттамада көрсетілген біліктілік талаптарына, атап айтқанда материалдық және еңбек ресурстарының болуына қатысты талаптарға сәйкес келмеуі;

3) осы Ереженің ;3.4-тармағында көрсетілген талаптар орындалмаса.

4) әлеуетті жеткізуши біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттаманың талаптары бойынша бұрыс ақпарат берсе. Бір лот туралы бұрыс ақпарат берілген жағдайда, әлеуетті жеткізушінің тендерлік өтінімі барлық лот бойынша қабылданбайды.

11.11. Тапсырылған өтінімнің мәнін өзгертпей түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер жіберілгені үшін тендерлік өтінімді қабылдамауға болмайды (оған ұсынылған баға, техникалық ерекшеліктер, банк кепілдігі кірмейді).

11.12. Тендерлік өтінімдерді қарau нәтижелері бойынша тендерлік комиссия:

1) біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушилерді анықтайды және тендерлік тәсілмен сатып алуға қатысуышылар деп таниды;

2) тендер тәсілімен сатып алуға қатысуши ретінде 1 (бір) әлеуетті жеткізушіні таныған жағдайды есепке алмағанда, оларға әлеуетті жеткізушінің бағасын шартты төмендету критерийлерінің салыстырмалы мәндерін қолданады;

3) тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қояды.

11.13. Тендерлік тәсілмен сатып алуға қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға тендерлік комиссияның құрамы, сондай-ақ тендерлік комиссияның хатшысы әлеуетті жеткізушилерді тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдаған (тендер тәсілімен сатып алуға қатысуышылар деп таныған) күні қол қояды.

11.14. Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей хаттаманы ЭСП-да жариялауға міндетті.

## **12-бөлім. Тендерлік баға ұсыныстарын бағалау, салыстыру**

## және тендер тәсілімен сатып алу қорытындыларын шыгару

12.1. Әлеуетті жеткізушілердің (тендерлік тәсілімен сатып алуға қатысушылардың) тендерлік баға ұсыныстарын бағалауды және салыстыруды тендерлік комиссия тендерлік баға ұсыныстары ашылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Тендерлік тәсілімен сатып алуға қатысуға рұқаст берілмеген (қабылданбаған) әлеуетті жеткізушілердің тендерлік баға ұсыныстары бағалауға және салыстыруға жатпайды және тиісінше ЭСП-да ашылмайды.

Әлеуетті жеткізушінің (тендер тәсілімен сатып алуға қатысушылардың) тендерлік баға ұсыныстарын тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға рұқсатнама туралы хаттама жарияланғаннан кейін ЭСП-да автоматты түрде ашылады.

12.2. Тендер комиссиясы тендер тәсілімен сатып алуға қатысушылардың шартты бағаларын салыстырады және тендер тәсілімен сатып алудың жеңімпазын және екінші орын алған әлеуетті жеткізушіні анықтайды.

12.3. Келесі жағдайларда әлеуетті жеткізушінің тендерлік баға ұсынысы тендерлік етінімдерді ашу кезеңінде ЭСП-да автоматты түрде қабылданбайды:

- 1) сатып алуға бөлінген сомадан асады;
- 2) демпинг болғанада.

12.4. Тендерлік баға ұсынысы мынадай жағдайларда демпингтік болып танылады:

1) құрылым-монтаждау жұмыстарына және жобалау-іздестіру жұмыстарына белгіленген тендерлік баға ұсынысы тендерге (лотқа) бөлінген сомадан 10 (он) пайыздан кем болғанда, демпингтік болып танылады;

2) консультациялық қызметтерге арналған тендерлік баға ұсынысы барлық берілген баға ұсыныстарының орташа арифметикалық бағасынан 15 (он бес) пайызға төмен болғанда, демпингтік болып танылады;

3) оқушыларды (мектеп жасына дейінгі балаларды) тамақпен қамтамасыз ету қызметтеріне арналған тендерлік баға ұсынысы, ол тендерге (лотқа) бөлінген сомадан 10 (он) пайыздан төмен болса, демпингтік болып танылады;

4) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілмеген жұмыстарға, осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілмеген қызметтерге арналған тендерлік баға ұсынысы барлық берілген тендерлік баға ұсыныстарының орташа арифметикалық бағасынан 15 (он бес) пайыздан төмен болса, демпингтік болып танылады.

12.5. Тендер тәсілімен сатып алудың жеңімпазы ең төмен шартты баға негізінде анықталады.

Салыстыру және бағалау қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті жеткізуші ең төмен шартты бағадан кейінгі шартты баға негізінде анықталады.

12.6. Тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары бірдей болған жағдайда тендер тәсілімен сатып алынатын тауарлар нарығында жұмыс тәжірибесі көбірек әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады.

Тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары бірдей және сатып алынатын тауарлар нарығында жұмыс тәжірибесі тең болған жағдайда (немесе әлеуетті жеткізуші тапсырған құжаттар негізінде жұмыс тәжірибесін анықтау мүмкін болмаған жағдайда) тендерлік етінімді бірінші болып тапсырған әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады.

12.7. Тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары бірдей болған кезде жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған жағдайда, тендердің мәні болып табылатын сатып алынатын жұмыстар мен қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі көбірек әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады.

Тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары бірдей және сатып алынатын жұмыстар немесе қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі тең болған жағдайда (немесе әлеуетті жеткізуші тапсырған құжаттар негізінде жұмыс тәжірибесін анықтау мүмкін болмаған жағдайда) жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету жүзеге асырылатын әкімшілік аумақтық облыста үқсас жұмыстар мен қызметтерді көрсетуде тәжірибесі көбірек

әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады.

Сатып алынатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесін, сондай-ақ жұмыстарды орындау немесе көрсетілетін қызметтер жүзеге асырылатын әкімшілік аумақтық облыста ұқсас жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің тәжірибесін ескеріп, тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тен болған жағдайда тендерлік өтінімді бірінші болып тапсырыған әлеуетті жеткізуші танылады.

12.8. Тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі, оған тендер комиссиясының төрағасы, төрағасының орынбасары және барлық мүшелері, сондай-ақ тендер комиссиясының хатшысы қол кояды және тапсырыс беруші/ұйымдастырушы қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей ЭСП-ға орналастырады.

12.9. Тендер тәсілімен сатып алушы тендерлік комиссия келесі жағдайларда өткізілмеген деп таниды:

1) тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға тапсырылған тендерлік өтінімдердің болмауы;

2) тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға екіден кем тендерлік өтінім беру;

3) тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға бірде-бір әлеуетті жеткізушиге рұқсат берілмеген жағдайда;

4) тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға бір ғана әлеуетті жеткізушиге рұқсат берілген жағдайда.

12.10. Егер тендер тәсілімен сатып алу өткізілмеген болып танылса, тендер комиссиясы келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) тендер тәсілімен сатып алушы қайта өткізу туралы;

2) тендерлік құжаттаманы өзгерту және тендер тәсілімен сатып алушы қайта өткізу туралы;

3) бір көзден алу тәсілімен сатып алушы жүзеге асыру туралы.

12.11. Тендер тәсілімен сатып алу өткізілмеген болып танылған жағдайда, тендер комиссиясы сатып алушы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға құқылы:

1) тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға тапсырылған тендерлік өтінімдердің болмауы. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жіберілетін әлеуетті жеткізушиңі тапсырыс беруші анықтайды;

2) тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға бір де бір әлеуетті жеткізушиге рұқсат берілмеген жағдайда; Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жіберілетін әлеуетті жеткізушиңі тапсырыс беруші анықтайды;

3) тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға бір ғана әлеуетті жеткізушиге рұқсат берілген жағдайда. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру қатысуға рұқсат етілген әлеуетті жеткізушиге жіберіледі. Сатып алу шартының бағасы тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімде көрсетілген әлеуетті жеткізушиңің тендерлік баға ұсынысынан аспауды тиис.

12.12. Егер тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша жеңімпаз болып танылған әлеуетті жеткізуши тапсырыс беруші анықтаған мерзімде тапсырыс берушіге сатып алу туралы қол қойылған шартты тапсырмадан немесе сатып алу шартын бекітіп, сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепіл салмаған жағдайда, тапсырыс беруші тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті жеткізуши белгіленген мерзімде сатып алу қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті жеткізуши белгіленген мерзімде сатып алу шартына қол қоймаған жағдайда, тапсырыс беруші тендер тәсілімен қайта сатып алушы жүзеге асырады.

12.13. Тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша жеңімпаз болып танылған әлеуетті жеткізуши тапсырыс беруші анықтаған мерзімде тапсырыс берушіге қол қойылған сатып алу шартын тапсырмадан немесе сатып алу шартын бекітіп, сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепіл салынбаған немесе сатып алу қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті жеткізуши белгіленген мерзімде сатып алу шартына қол қоймаған жағдайда, тапсырыс беруші тендер тәсілімен қайта сатып алушы жүзеге асырады.

12.14. Тендер тәсілімен өткізілген сатып алуша оның қорытындыларына әсер еткен бұзушылықтар анықталған жағдайда (тендер тәсілімен сатып алу жеңімпазын анықтау), тендер комиссиясы сатып алу шарты бекітілген сәтке дейін тендер тәсілімен сатып алу қорытындыларының күшін жоюға міндettі. Бұл ретте тендер тәсілімен сатып алу қайта жүргізілуі тиіс.

### **13-бөлім. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу**

13.1. Тапсырыс берушінің тиісті қаржы жылына арналған тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу жоспарында көзделген тауарлар, жұмыстар және қызметтердің жылдық көлемі құндық мәнде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алушы қолдануға жол беріледі, бұл ретте баға шешуші шарт болып табылады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында тиісті қаржы жылына жоспарланған тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу көлемін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес мың еселенген мөлшерінен аспайтын бөліктерге бөлуге жол берілмейді.

Құрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алушы жүргізгенде тапсырыс беруші тендерді сатып алу тәсілін таңдауға құқылы.

13.2. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысу үшін әлеуетті жеткізушінің құқық қабілеттілігі (занды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігі (жеке тұлғалар үшін) болуы тиіс.

13.3. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алушы жүргізу, комиссия құрамын бекіту, комиссия хатшысын анықтау туралы шешім тапсырыс беруші/ұйымдастыруыш басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығы түрінде рәсімделеді.

13.4. Тендер комиссиясының құрамына тендерлік комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары және мүшелері кіреді. Төраға болмаған кезде оның қызметін комиссия төрағасының орынбасары орындаиды.

Комиссия төрағасы ретінде тапсырыс берушінің/ұйымдастыруышының бірінші басшысы немесе бірінші басшысының орынбасары немесе аталған адамдарды алмастыратын тұлға болады.

Тендерлік комиссияның ұйымдастыру қызметін тендерлік комиссияның мүшесі болып табылмайтын және тендерлік комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жок тендерлік комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді.

13.5. Комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап қызметке кіріседі және сатып алу шарты бекітілген сәттен бастап өз қызметін тоқтатады.

Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі қатыспаған жағдайда, тапсырыс берушінің/ұйымдастыруышының басшысы кворумға қол жеткізу мақсатында (тиісті бұйрық шығару жолымен) қатыспаған адамдарды ауыстырады. Тапсырыс беруші/сатып алушы ұйымдастыруыш міндettі түрде қатыспаған тендерлік комиссия хатшысын және/немесе сарапшысын алмастырады.

13.6. Комиссияның шешімі ЭСП-да дауыс беру арқылы қабылданып, оған комиссияның жалпы құрамынан көпшілігінің дауысы берілсе, қабылданған болып саналады.

Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының, ал ол болмаған жағдайда комиссия төрағасының орынбасарының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссияның кез келген мүшесі жазбаша түрде ерекше пікір беруге құқылы, ол қорытындылар хаттамасына қоса берілуі тиіс.

13.7. Баға ұсыныстарын қарau, салыстыру және бағалау, сондай-ақ осы Ережелердің 3.8-тармағында көрсетілген жағдайларда сатып алу жеңімпазын анықтау әрбіr лот бойынша жүзеге асырылады.

13.8. Тапсырыс беруші/ұйымдастырушы баға ұсыныстарын тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін 5 (бес) жұмыс қунінен кешіктірмей ЭСП-да тиісті электрондық хабарландыруды орналастыруы тиіс.

13.9. Тапсырыс беруші/ұйымдастырушы хабарландыруда келесі ақпаратты орналастыруға міндетті:

1) сатып алу үшін бөлінген сомаларды көрсетіп, өткізілетін сатып алу нысаны болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы;

2) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің қысқаша сипаттамасы;

3) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны мен талап етілетін мерзімі;

4) әлеуетті жеткізушилердің баға ұсыныстарын тапсырудың басталу және аяқталу мерзімі туралы;

5) техникалық сипаттама (хабарландыру шарттарында көзделген жағдайда).

6) сатып алу шартының жобасы.

Орналастыратын хабарландыруда тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы үлгілерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар шығарылған жердің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті жеткізушиге тиесілігін анықтайтын өзге де сипаттамаларға нұсқаулардың болуына жол берілмейді, тек мынадай жағдайларды қоспағанда:

толық жасақтау, жаңғырту және жете жарақтандыру, қолда бар негізгі (белгіленген) жабдықтың қолданылуы мен үйлесімділігі үшін, сондай-ақ одан әрі техникалық сүйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықты жоспарлы жөндеу үшін тауарларды сатып алу;

орындалуы (көрсетілуі) тапсырыс берушінің негізгі (орнатылған) жабдығын пайдалануға, техникалық сүйемелдеуге, сервистік қызмет көрсетуге және жөндеуге, оның ішінде жоспарлы жөндеуге байланысты жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

13.10. Әлеуетті жеткізушиңің баға ұсынысы бұл хабарландыруда көзделген шарттарды сақтап, тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға оның келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Әлеуетті жеткізушиңің баға ұсынысина қосылған құн салығының сомасын шегергендерді тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындар енгізіледі.

13.11. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізуши ЭСП-ға хабарландыруда көрсетілген мерзімде бір ғана баға ұсынысын береді, онда төмендегілер қамтылуға тиіс:

1) электрондық түрдегі баға ұсынысы;

2) ресми интернет көзінен алынған занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың электрондық көшірмесі немесе электрондық құжат түрінде ([www.egov.kz](http://www.egov.kz)); жеке тұлға үшін – тиісті мемлекеттік орган берген занды тұлға құрамай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығын беретін қуәліктің, хабарламаның немесе өзге де құжаттың электрондық көшірмесі немесе электрондық құжат түрінде немесе ресми интернет көзінен ([www.egov.kz](http://www.egov.kz)) алған құжат;

3) әлеуетті жеткізушиңің қолы қойылған және мөрімен (болған жағдайда) бекітілген техникалық сипаттама (хабарландыру шарттарында техникалық сипаттама көзделген жағдайда);

4) техникалық сипаттама талаптарына сәйкес рәсімделген өзге де құжаттар (хабарландыру шарттарында техникалық сипаттама көзделген жағдайда).

Осы тармақта көзделген құжаттар электрондық және/немесе сканерленген түрде ЭСП-да орналастырылады және әріптік, цифрлық және өзге де таңбалармен сәйкестендірілуі, сондай-ақ қараудың қолжетімді құралдарымен ашылуы тиіс.

Әріптері, цифрлары мен өзге де таңбалары оқылмаса, сондай-ақ файл ашылмай, қате шығатын болса, құжаттардың электрондық көшірмелері тапсырылмаған және қарауга қабылданбаған болып есептеледі.

Әлеуettі жеткізушиңің берілген баға ұсыныстарын оларды тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін қайтарып алуға болады. Бұл ретте әлеуettі жеткізушиңің баға ұсыныстарын оларды тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін енгізілген өзгерістермен қайта тапсыруға болады.

13.12. Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуettі жеткізуши Қазақстан Республикасының резиденттері сияқты хабарландыруда көзделген құжаттарды немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру тіліне нотариус куәландырған аудармасымен ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды тапсырады.

13.13. Баға ұсынысында қамтылған тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету шарттары тапсырыс беруші/ұйымдастырушы орналастырған баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы электрондық хабарландырудың қамтылған шарттарға қайшы келмеуге тиіс.

#### **14-бөлім. Баға ұсыныстарын ашу және қарастыру**

14.1. Әлеуettі жеткізушилердің баға ұсыныстарын ашу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың көрсетілген күні, уақытта және жерде ЭСП-де жүргізіледі.

14.2. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың женімпазын комиссия ең төмен баға ұсынысы негізінде анықтайды.

Ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуettі жеткізуши тапсырган жағдайда, баға ұсынысы басқа әлеуettі жеткізушилердің баға ұсыныстарынан бұрын келіп түскен әлеуettі жеткізуши женімпаз болып танылады.

Салыстыру қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуettі жеткізушиңі комиссия ең төмен баға ұсынысынан кейінгі баға ұсынысы негізінде анықтайды.

14.3. Комиссия әлеуettі жеткізушиңі баға ұсынысын қабылдамайтын жағдайлар:

1) әлеуettі жеткізушиңі баға ұсынысында хабарландыру талаптарына сай келмейтін құжаттарды, мәліметтерді тапсыруы;

2) әлеуettі жеткізушиңі осы Ережелердің 3.4-тармағының талаптарын сақтамаған.

Бұл ретте әлеуettі жеткізушиңі баға ұсынысы осы тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуга бөлінген сомадан асып кеткен жағдайда, ЭСП оны автоматты түрде қабылдамайды.

Басқа негіздемелермен әлеуettі жеткізушилердің баға ұсыныстарын қабылдамауға болмайды.

14.4. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды комиссия мынадай жағдайларда откізілмеген деп таниды:

- 1) баға ұсыныстарын қарағаннан кейін бір қабылданбаған баға ұсынысы қалса;
- 2) баға ұсыныстарын қарағаннан кейін барлық баға ұсыныстары қабылданбаса;
- 3) екі баға ұсынысынан аз келіп түссе;
- 4) тапсырылған баға ұсыныстары болмаған жағдайда.

14.5. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмеген болып танылған жағдайда, комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;
- 2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен елеулі шарттардың өзгеруі және сатып алуды қайта өткізу туралы;
- 3) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы.

14.6. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмеген болып танылған жағдайда, комиссия сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы шешім қабылдауга құқылы:

1) баға ұсыныстарын қарағаннан кейін бір қабылданбаған баға ұсынысы қалса. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру баға ұсынысы қабылданбаған әлеуетті жеткізушіге жіберіледі. Бекітілген сатып алу шартының бағасы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуда көрсетілген әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысынан аспауға тиіс;

2) баға ұсыныстарын қарағаннан кейін барлық баға ұсыныстары қабылданбаса. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жіберілетін әлеуетті жеткізушіні тапсырыс беруші анықтайды.

3) тапсырылған баға ұсыныстары болмаған жағдайда. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жіберілетін әлеуетті жеткізушіні тапсырыс беруші анықтайды.

14.7. Баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері 3 (үш) жұмыс күні ішінде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі, оған комиссияның барлық құрамы қол қояды және тапсырыс беруші/ұйымдастырушы оны қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей ЭСП-да жариялады.

14.8. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген сатып алуда оның қорытындыларына әсер еткен бұзушылықтар анықталған жағдайда (женімпазды анықтау), комиссия сатып алу шарты бекітілген сәтке дейінгі сатып алу қорытындыларының күшін жоюға міндetti. Бұл ретте баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қайта жүргізілуі тиіс.

14.9. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша женімпаз болып танылған әлеуетті жеткізуши тапсырыс беруші анықтаған мерзімде тапсырыс берушігө қол қойылған сатып алу шартын тапсырмаған жағдайда, тапсырыс беруші сатып алу қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті жеткізуши белгіленген мерзімде сатып алу шартына қол қоймаған жағдайда, тапсырыс беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта сатып алуды жүзеге асырады.

## **15-бөлім. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу**

15.1. Бір көзден сатып алу келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) тапсырыс берушінің алқалық атқарушы органдының шешімі негізінде (тапсырыс берушінің алқалық атқарушы органы болмаған жағдайда аталған шешімдерді тапсырыс берушінің бірінші басшысы қабылдайды);

3) тендерлік комиссия шешімінің негізінде, тендер тәсілімен сатып алу өткізілмеген болып танылған жағдайда;

3) комиссия шешімінің негізінде, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмеген болып танылған жағдайда;

4) шартты тікелей бекіту жолымен.

15.2. Бір көзден сатып алу тапсырыс берушінің алқалық атқарушы органдының шешімі негізінде келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) соңғы үш жыл ішінде мұндаидар тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмеген болса, Тапсырыс берушінің техникалық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасында тауарлардың сериялық өндірісін ұйымдастыруды көздейтін, отандық тауар өндірушілерден ұзақ мерзімді шарттар бойынша сатып алу;

2) мұлікті сенімгерлікпен басқару қызметтерін сатып алу;

3) инвестициялық стратегиялық жобаларды жүзеге асыру үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;

4) халықаралық коммерциялық арбитражда және шетелдік сот органдарында тапсырыс берушінің мұдделерін қорғау және қамтамасыз ету үшін консультациялық және құқықтық қызметтерді сатып алу;

5) уақытша бос ақшаны орналастырумен байланысты қазынашылық операцияларды жүзеге асыру кезінде бағалы қағаздарды сатып алу;

6) кез келген жеткізуіден тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алған тапсырыс берушінің тауарды, жабдықты, технологияны, жұмысты немесе қызметті үйлестіру, стандарттау немесе үйлесімділікке келтіру мақсаттарында сол жеткізуіден басқа сатып алуларды өткізу қажеттілігі пайда болса;

7) шет мемлекеттің аумағында бөлек бөлімшениң қызметін қамтамасыз ету үшін (Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде) тапсырыс берушінің бөлек бөлімшелері тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;

8) арнайы кітапханалардың қызметтерін сатып алу;

9) халықаралық ақпараттық ұйымдардың ақпарат беру қызметтерін сатып алу;

10) теңіз агенттің, теңіз брокерінің қызметтерін сатып алу;

11) мемлекеттік метрологиялық бақылауды тарату саласында қолданылатын өлшеу құралдарын тексеру қызметтерін сатып алу;

12) тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың шенберінде жеткізуі ретінде бекіткен мемлекеттік сатып алу шарты бойынша міндептемелерді орындау үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;

13) жоба алдындағы құжаттаманы дайындау жұмысының негізгі көлемін дұрыс орындаған жеткізуіден жобалау жұмыстарын сатып алу;

14) жобалық құжаттамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажеттілігінің туындауына байланысты жобалық құжаттаманы әзірлеген жеткізуіден жобалық жұмыстарды сатып алу;

15) заңмен белгіленген тәртіп бойынша бекітілген мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;

16) семинарлар, конференциялар, жиналыстар, форумдар, симпозиумдар, тренингтер, жәрменкелер, олимпиадалар, ғылыми жобалар мен байқаулар ұйымдастыру үшін үй-жайларды жалдау, ілеспе аударма қызметтерін сатып алу;

17) тесттік аккредиттеу желисін қоса алғанда халықаралық аккредиттеуге және/немесе сертификаттауға дайындық қызметтерін сатып алу;

18) тиісті құнтізбелік жылға арналған Сатып алу жоспарында қарастырылған сатып алынатын тауарлар, жұмыстардың, қызметтердің жалпы сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мыңнан аспайтын болса тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;

19) күнделікті және/немесе апталық қажеттіліктерді сатып алу қажеттілігі туындаған кезде тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу (тендер қорытындылары бойынша хабарландыру жарияланған кезден бастап және шарт бекіткенге дейін);

15.3. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының шешімі негізіндегі бір көзден сатып алуды жүзеге асыру Тапсырыс берушінің алқалық атқарушы органының тиісті шешімі негізінде рәсімделеді және тапсырыс берушінің алқалық атқарушы органы болмаған жағдайда шешім тапсырыс берушінің бірінші басшысының бұйрығымен рәсімделеді.

15.4. Осы Ережелердің 15.1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген бір көзден сатып алуды жүзеге асыру жағдайларында сатып алуды ұйымдастыруши әлеуетті жеткізуігে сатып алуға қатысуға шақыру жібереді, ол мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

1) сатып алуды ұйымдастырушиның атауы мен орналасқан жері;

2) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің сипаттамасы және талапты функционал, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, техникалық ерекшеліктері;

3) ағымдағы сатып алушың мәні болып табылатын тауарлардың саны, орындалатын жұмыстардың көлемі, ұсынылатын қызметтер;

4) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны;

5) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімі, ұсынылатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің сапасына кепілдіктер;

6) төлем шарттары мен сатып алу шартының жобасы;

7) осы Ережелерде көзделген жағдайларда сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепіл салу шарттары, нысаны, ауқымы және тәсілі;

8) өткізіліп жатқан бір көзден сатып алушың нысаны болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға бөлінген сомалар туралы ақпарат;

9) бір көзден алу тәсілімен сатып алу осы Ережелердің 15.1-тармағының 3) тармақшасының негізінде жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, Ережелерде көзделген біліктілік талаптарының тізбесі, сондай-ақ әлеуетті жеткізуші оның қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін раставу үшін тапсыруға жататын құжаттардың тізімі;

10) әлеуетті жеткізушінің құжаттарды қоса беріп, бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысу туралы келісімді тапсыру орны мен мерзімі.

Бұл ретте әлеуетті жеткізушіге бір көзден алу тәсілімен сатып алу шарты туралы жіберілетін шақыру хатындағы ақпарат тендерлік құжаттаманың, тендер тәсілімен сатып алу өткізілмеді болып танылған сатып алу шарттарына немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмеген болып танылған хабарландыру шарттарына сәйкес келуге тиіс.

15.5. Бір көзден алу тәсілімен өткізілетін сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші белгіленген мерзімде сатып алушы ұйымдастыруышыға мынадай құжаттарды қоса беріп, бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысу туралы келісімді тапсыруы тиіс:

1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін функционал, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, техникалық сипаттамалар (бар болса);

2) шақыруда көзделген құжаттар;

3) тауарлар, жұмыстар және қызметтердің баға ұсынысы.

15.6. Тендер тәсілімен сатып алу осы Ережелердің 12.9-тармағының 4) тармақшасының негізінде өткізілмеген болып танылған жағдайда тапсырыс беруші сатып алушы осы әлеуетті жеткізушіден жүзеге асыруға міндetti.

Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен өткізілетін сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші ұсынылатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге баға ұсынысын қоса беріп, бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысу туралы келісімді тапсырады. Сатып алу шарты онымен тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімінде көзделген талаптарда бекітілуі тиіс, және бекітілген сатып алу шартының бағасы оның тендер тәсілімен өткізілмеген сатып алуға қатысуға өтінімінде көрсетілген тендерлік баға ұсынысынан аспауы тиіс.

15.7. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу осы Ережелердің 14.4-тармақтың 1) тармақшасының негізінде өткізілмеген болып танылған жағдайда тапсырыс беруші осы әлеуетті жеткізушіден сатып алушы жүзеге асыруға міндetti.

Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен өткізілетін сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға ниет

білдірген әлеуетті жеткізуши ұсынылатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге баға ұсынысын қоса беріп, бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысу туралы келісімді тапсырады. Сатып алу шарты баға ұсынысында көзделген талаптармен бекітілуі тиіс және өткізілмеген сатып алу шартының бағасы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген сатып алудардың баға ұсынысында көрсетілген бағадан аспауы тиіс.

15.8. Сатып алуды үйымдастыруши тендер тәсілімен өткізілмеген сатып алу тендерлік комиссиясының немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген сатып алу комиссиясының атынан әлеуетті жеткізуши сұратылған ақпаратты берген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізуши тапсырыған құжаттардың Ережелерде белгіленген талаптарға сәйкестігін қарастырады.

15.9. Сатып алуды үйымдастыруши тендерлік комиссияның/тендер тәсілімен өткізілмеген сатып алу комиссиясының хатшысы немесе баға ұсыныстарын сұрату атынан әлеуетті жеткізушиңін тапсырылған құжаттарының Ережелерде белгіленген талаптарға сәйкестігі қарастырылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде тендерлік комиссияның/комиссияның барлық мүшелері қол қойған тендер комиссияның/комиссияның бір көзден сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастырып, ЭСП-ға орналастырады.

15.10. Осы Ережелердің 15.1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген бір көзден алу тәсілімен сатып алу мынадай жағдайларда өткізілмеген болып танылады:

1) әлеуетті жеткізуши тендер тәсілімен өткізілмеген сатып алудардың біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмесе;

2) әлеуетті жеткізуши баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген сатып алуды жариялау талаптарына сәйкес келмесе;

3) әлеуетті жеткізуши осы Ережелердің 3.4-тармағының талаптарын сақтамаса;

4) әлеуетті жеткізуши бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысадан бас тартса.

Бір көзден алу тәсілімен сатып алу Ережелердің осы тармағының негізінде өткізілмеген болып танылған жағдайда, сатып алу осы Ережелерде көзделген тәсілдермен жүзеге асырылады.

15.11. Сатып алу шартын тікелей бекіту арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тұлғадан тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;

2) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге айрықша құқықтары бар адамнан зияткерлік меншік нысандары болып табылатын тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе басқа елдердің заңнамасында белгіленген бағалар, тарифтер, алымдар мен төлемдер бойынша тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;

4) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметтер бойынша табиғи монополия субъектісінен тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;

5) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің белгілі бір нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие тұлғадан, осындай нарықтағы үлесі 100 (жүз) пайызға тең тауарлар, жұмыстар және қызметтерді немесе мемлекеттік монополия субъектісінен оның қызметінің негізгі мәніне сәйкес сатып алу;

6) қосылған желі арқылы табиғи газ, су, сумен жабдықтау және су бұры қызметтерін, электр және жылу энергиясы қызметтерін сатып алу;

7) өкілдік шығындарға байланысты тауарлар мен қызметтерді сатып алу;

8) сауда-саттықта (аукциондарда) өткізілетін мүлікті (активтерді) сатып алу:

- Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасына сәйкес сот орындаушыларымен;

- Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес өткізілетін;

- Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес өткізілетін;
  - мемлекеттік мұлікті жекешелендіру кезінде;
  - 9) рейтингтік агенттіктердің қызметтерін, қаржылық қызметтерді сатып алу;
  - 10) тапсырыс берушінің жарғылық мақсаттарына сәйкес білім беру, ғылыми қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін білім беру және оқу бағдарламаларын (оның ішінде оқушыларды іріктеу және қабылдау), даму тұжырымдамаларын әзірлеу, енгізу және/немесе іске асыру қызметтерін және/немесе жұмыстарын сатып алу;
  - 11) құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган болып табылатын заңды тұлғадан тапсырыс берушіге қурделі құрылышқа бөлінген жер участекеріндегі құрылыштарды, Назарбаев Зияткерлік мектептерін сатып алу және бұзы жұмыстары мен қызметтерін сатып алу;
  - 12) арнайы, оқу, оқу-әдістемелік және/немесе көркем әдебиеттің білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес, оның ішінде электрондық ақпарат тасымалдағыштарда (CD/DVD және т.б.) ДББҰ атқарушы органды бекіткен тізбе бойынша және осы мәселелерге жетекшілік ететін ДББҰ құрылымдық бөлімшелерінің келісімі бойынша сатып алу;
  - 13) веб-сайттарда орналастырылған ақпаратты, түрлі магниттік тасымалдағыштарда және/немесе электрондық тасымалдағыштарда жарияланған дыбысталған кітаптарды, бедерлі-нұқтелі қаріппен басылған кітаптарды, осы мәселелерге жетекшілік ететін ДББҰ-ның құрылымдық бөлімшесімен (бөлімшелерімен) келісіп, көру қабілеті бойынша мүгедектерге қызмет көрсетуге арналған тифлокұралдарды ұсыну қызметтерін сатып алу;
  - 14) осы мәселелерге жетекшілік ететін ДББҰ құрылымдық бөлімшелерімен келісіп, онлайн электрондық толық мәтінді, рефераттық, библиографиялық және басқа да дерекқорларға, журналдардың электрондық топтамаларына, электрондық кітапханаларға, кітаптардың электрондық топтамаларына және электрондық журналдар мен кітаптардың жекелеген атауларына қол жеткізу қызметтерін сатып алу;
  - 15) телефон байланысы, деректер алмасу (интернет, IP VPN), теледидар қызметтерін сатып алу;
  - 16) тиісті авторлардың қурделі құрылыш объектілерінің жобалық құжаттамасын әзірлеуді авторлық қадағалау, қурделі құрылыш объектілерінің құрылышын, реконструкциясын және қурделі жөндеуін авторлық қадағалау қызметтерін сатып алуы;
  - 17) тапсырыс берушінің жарғылық қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жалдау қызметтерін бастапқы сатып алуды қоспағанда, жалға беру қызметтерін, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты қызметтерді бастапқы сатып алу жүзеге асырылған тұлғадан үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыштарды жалға беру қызметтерін сатып алу;
  - 18) тапсырыс берушінің электрондық алаңы арқылы өткізілетін тауарларды жеткізу үшін төлемдерді қабылдау және пошта байланысын, сондай-ақ оларға ілеспе қызметтерді қамтамасыз ететін оператор қызметтерін сатып алу;
  - 19) осындай біртекті тауарлар, жұмыстар және қызметтердің жылдық көлемінің құндық мәні республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу;
  - 20) ISBN қызметтер кешені бойынша библиографиялық сүйемелдеу қызметтерін сатып алу.
- 15.12. Шартты тікелей бекіту арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші әлеуетті жеткізушілердің бастамасымен және (немесе) тапсырыс берушінің сұрауы негізінде ұсынылған коммерциялық ұсыныстардың негізінде осы Ережелердің 3.2-тармағы 5)-тармақшасында көзделген сатып алуды жүзеге асыру ережесін сақтап, жеткізушіні анықтайды және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларында өзгеше көзделмесе, онымен тиісті сатып алу шартын бекітеді.
- Әлеуетті жеткізушілердің коммерциялық ұсыныстарын жеткізілетін тауарлардың (орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сипаттамаларын және басқа да

растайтын құжаттарды сипаттап, прайс-парақтар түрінде ЭСП арқылы немесе қағаз/электрондық тасымалдағыштарда тапсыруға болады.

15.13. Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші әлеуетті жеткізушиден сатып алу шартын бекіту үшін қосымша ақпарат пен мәліметтерді сұратуға құқылы.

**16-бөлім. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаның жеке меншігі болып табылатын тұрғын үйді сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі**

16.1. Тапсырыс беруші ерекше тәртіпті қолданып, кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

16.2. Ерекше тәртіпті қолданып, кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді сатып алу осы Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады және мынадай дәйекті әрекеттерді көздейді:

1) ерекше тәртіпті қолданып, кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді сатып алуды жүргізу туралы шешім қабылдау, комиссия құрамын бекіту және комиссия хатшысын анықтау, хабарландыру мен техникалық ерекшелікті бекіту;

2) ерекше тәртіпті қолданып, кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығында тиесілі тұрғын үйді сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды ДББҰ Интернет-ресурсында жариялау және әлеуетті жеткізушилердің мөрленген конверттерде сатып алуға қатысуға өтінімдерін тіркеу;

3) комиссияның хабарландыру және техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан әлеуетті жеткізушилердің өтінімдерін қарауы;

4) ерекше тәртіпті қолданып, кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығында тиесілі тұрғын үйді сатып алу қорытындыларын шығару, ДББҰ-ның Интернет-ресурсында қорытындылар туралы хаттаманы рәсімдеу, қол қою және орналастыру;

5) шарт бекіту.

16.3. Ерекше тәртіпті қолданып, кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді сатып алу туралы хабарландыруды үйимдастырушу ДББҰ Интернет-ресурсында орналастырады және ол мынадай ақпаратты қамтиды:

1) сатып алынатын тұрғын үй болуы тиіс елді мекеннің (қала, аудан, кент, ауыл) атауы;

2) тұрғын үйді сатып алуға бөлінген ақша қаражатының сомасы туралы;

3) сатып алынатын тұрғын үйге қойылатын талаптарының сипаттамасы және тұрғын үйді сатып алу мерзімі;

4) әлеуетті жеткізушилердің сатып алуға қатысу өтінімдерін берудің басталу және аяқталу мерзімі туралы.

16.4. ДББҰ Интернет-ресурсында тұрғын үй сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру және техникалық ерекшелік жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде әлеуетті жеткізуши сатып алуға қатысу өтінімін мөрленген конвертте тапсырады, онда мынадай құжаттар болуы тиіс:

1) жеке тұлғаның жеке күәлігінің нотариалды күәландырылған көшірмелері;

2) тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері;

3) әлеуетті жеткізуши қол қойған баға ұсынысы;

4) ұсынылатын тұрғын үйге үшінші тұлғалардың ауыртпалықтарының және/немесе талаптанудың жоқтығы туралы әлеуетті жеткізушинің жазбаша кепілдігі;

5) жұбайының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда сатуға келісім беру туралы нотариалды өтініші.

16.5. Әлеуетті жеткізушилердің мөрленген конверттерде сатып алуға қатысу өтінімдерін тіркеу ДББҰ-да, оның филиалдары мен ұйымдарында құжаттармен жұмыс істеу тәртібін белгілейтін ДББҰ-ның ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі. Конверттерді комиссия белгілі бір уақытта келген әлеуетті жеткізушилердің және/немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен (келмеген жағдайды қоспағанда) ашады.

16.6. Келген әлеуетті жеткізушилердің және/немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен (келмеген жағдайды қоспағанда) ашылған күні әлеуетті жеткізушилердің сатып алуға қатысу өтінімдерін ашу мен қарастыруды комиссия жүргізеді.

16.7. Хабарландырудың, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмейтін және осы Ережелердің 16.4-тармағында көрсетілген құжаттары жетіспейтін әлеуетті жеткізушилердің өтінімдері қабылданбайды.

16.8. Өтінімдерді қарастыру барысында қатысуға рұқсат берілген әлеуетті жеткізушилер өздерінің баға ұсыныстарын төмендете алады.

Осыдан кейін комиссия қатысуға рұқсат берілген әлеуетті жеткізушилердің баға ұсыныстарын салыстырады және ең төмен баға ұсынған женімпазды анықтайды.

16.9. Белгіленген мерзім ішінде тұрғын үйді сатып алуға қатысуға бірде-бір өтінім берілмесе немесе олар қабылданбаса, осы Ережелерде көзделген негіздермен әлеуетті жеткізушиңін тұрғын үйді сатып алуға қатысуға бірде-бір өтініміне жол берілмесе, онда мұндай сатып алу өткізілмеген болып танылады және тұрғын үйді сатып алуды қайта өткізу туралы шешім қабылданады.

16.10. Әлеуетті жеткізушиңін тұрғын үйді сатып алуға қатысуға кемінде бір өтініміне рұқсат берілген болса, ерекше тәртіпті қолданып, кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғага жеке меншік құқығы тиесілі тұрғын үйді сатып алу өткізілген болып танылады. Оған қоса, бұл әлеуетті жеткізушиңін комиссия женімпаз деп таниды.

16.11. Ерекше тәртіпті қолданып, кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғага жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы комиссия тұрғын үйді сатып алуға қатысуға әлеуетті жеткізушилердің өтінімдерін қараған қүннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде рәсімдейді, комиссия және хатшы қол қояды, ұйымдастырушы ДББҰ Интернет-ресурсында орналастырады.

16.12. Ерекше тәртіпті қолданып, кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғага жеке меншік құқығы негізінде тиесілі тұрғын үйді сатып алу шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бекітіледі.

## **17-бөлім. Сатып алу шартын бекіту және орындау**

17.1. Сатып алу шарты тендерлік құжаттамада, сатып алуды өткізу туралы хабарландыруда, сатып алу шартының жобасында қамтылған талаптарға сәйкес бекітіледі.

Сатып алу шарттарының жобалары ДББҰ алқалы атқарушы органы бекітетін сатып алу саласындағы ішкі құжатта анықталған тауарлар, жұмыстар және қызметтерді ұлгілік сатып алу шарттарына сәйкес әзірленеді.

Сатып алу шарты Қазақстан Республикасының бейрезидентімен бекітілген жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескеріп, өзі ұсынатын нысанда сатып алу шартын рәсімдеуге жол беріледі.

Тапсырыс беруші бір қаржы жылынан астам мерзімге шарт бекітуге құқылы.

Жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізу қызметтерін сатып алу шартын үш жылдан аспайтын мерзімге бекітуге болады.

17.2. Тапсырыс беруші қорытындылар туралы хаттамаға немесе тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының шешіміне немесе тапсырыс берушінің бірінші басшысының бүйрүгіна қол қойылған қүннен бастап бес жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізушиге тапсырыс беруші қол қойған сатып алу шартының жобасын жібереді.

17.3. сатып алу шарты тапсырыс беруші анықтаған, бірақ қорытындылар туралы хаттамаға немесе тапсырыс берушінің алқалы атқаруши органдының шешіміне немесе тапсырыс берушінің бірінші басшысының бұйрығына қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде бекітіледі.

Жеңімпаз болып танылған әлеуетті жеткізуі тапсырыс беруші белгілеген мерзімде тапсырыс берушігө қол қойылған сатып алу шартын тапсырмадан немесе сатып алу шартын бекітіп, сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепіл салмаған жағдайда, тапсырыс беруші сатып алу қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті жеткізуімен сатып алу шартын бекітуге құқылы. Бұл ретте тапсырыс беруші жеңімпаз сатып алу шартын бекітуден бас тартқан күннен бастап екі жұмыс күні ішінде сатып алу қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті жеткізуігө сатып алу шартының қол қойылған жобасын жіберіп, оған тапсырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қойылуы тиіс.

Сатып алу қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті жеткізуі белгіленген мерзімде сатып алу шартына қол қоймаса, тапсырыс беруші қайта сатып алуды жүзеге асырады.

Тапсырыс берушінің сатып алу шартын одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда сатып алу шартында оны орындаудан біржақты тәртіппен бас тарту құқығы көзделуі тиіс.

17.4. Әлеуетті жеткізуі сатып алу шарты бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепіл салады. Сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепілді жеткізуі онымен бекітілген сатып алу шарты бойынша міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісті түрде орындаудын қамтамасыз ететін кепіл ретінде салады.

Сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепіл салу талабы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен және осы Ережелердің 15.2 және 15.11-тармақтарының негізінде жүзеге асырылған бір көзден алу тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша анықталған жеткізуішілерге қолданылмайды.

Жеткізуі сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепіл салу мерзімі өткенге дейін сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісті түрде орындаған жағдайда, жеткізуі шарттың орындалуын қамтамасыз ететін кепілді салмаға құқылы.

17.5. Сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепіл мөлшері тендерлік құжаттамада сатып алу шартының жалпы сомасының 3 (үш) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Сатып алу шартында аванс төлеу көзделген жағдайда, әлеуетті жеткізуі шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша алғытөлемге тең мөлшерде алғытөлемді қамтамасыз ететін кепіл салады. Бұл ретте әлеуетті жеткізуінің аванс төлемінен бас тартуға құқығы бар.

17.6. Әлеуетті жеткізуі сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепілдің келесі түрлерінің бірін таңдауга құқылы:

- 1) тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі.

17.7. Тапсырыс беруші енгізілген сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепілді жеткізуігө сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісті түрде орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

17.8. сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепіл жеткізуігө келесі жағдайларда қайтарылмайды:

1) жеткізуінің шарттық міндеттемелерді орындауына немесе тиісінше орындауына байланысты сатып алу шартын бұзған кезде;

2) сатып алу шарты бойынша міндеттемелерін орындау немесе тиісінше орындаған және шартта көзделген орындау немесе тиісінше орындау үшін айыппұл санкцияларын төлемеген кезде.

17.9. Сатып алу қорытындылары бойынша жеңімпаз болып танылған әлеуетті жеткізуі тапсырыс беруші анықтаған мерзімде тапсырыс берушігө қол қойылған сатып алу

шартын тапсырмаған немесе сатып алу шартын бекітіп, сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін кепіл салмаған жағдайда, мұндай әлеуетті жеткізуши сатып алу шартын бекітуден бас тартқан болып танылады және жосықсыз әлеуетті жеткізушилердің (жеткізушилердің) бірыңғай тізіліміне енгізіледі.

Әлеуетті жеткізуши тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша сатып алу шартын бекітуден бас тартқан болып танылған жағдайда, сатып алуды үйымдастыруышы тендерлік өтінімді қамтамасыз ету үшін салған кепілді ұстап қалады.

17.10. сатып алу шартының жобасына өзгерістер енгізуге мынадай өзара байланысты шарттар сақталған кезде жол беріледі:

1) тараптардың бірі сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алу шартының жобасына өзгеріс енгізуге бастамашылық жасаған кезде;

2) жеткізушиң таңдау үшін негіз болған сапа және басқа да талаптар өзгермеген жағдайда сатып алу шарты жобасының сомасын азайту бөлігінде өзгеріс енгізу же жол беріледі;

3) шарт сомасын азайту бөлігінде өзгеріс енгізу туралы шешім тараптардың өзара келісімі бойынша қабылданған жағдайда.

Осы тармақта көзделген талаптарды сақтамай, сатып алу шартының жобасына өзгерістер енгізу же жол берілмейді.

17.11. Сапа және жеткізушиң таңдау үшін негіз болған басқа да шарттар өзгермеген жағдайда сатып алу шартына өзгерістер енгізуге мынадай жағдайларда жол беріледі:

1) сатып алу шартын орындау барысында сатып алынатын баламалы тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге бағалар кему жағына қарай өзгерсе, тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге бағаны және тиісінше сатып алу шартының сомасын азайту бөлігінде, тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және белгіленген тәртіппен осындай өзгеріс сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, жұмыстарды сатып алу шарты сомасын ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ қажет болған жағдайда шартты орындау мерзімінің тиісті өзгеруі бөлігінде;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстар мен қызметтерді қоспағанда, сатып алынатын тауарлар мен жұмыстардың көлеміне қажеттілікті азайтуға немесе негізделген ұлғайтуға байланысты сатып алу шарты сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ қажет болған жағдайда сатып алу шартында көрсетілген жұмыстар, қызметтер, тауар бірлігі үшін баға өзгермеген жағдайда шартты орындау мерзімінің тиісті өзгеруі бөлігінде. Бектілген тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу шартын сол тауарлар, жұмыстар және қызметтерді Сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомалардың шегінде өзгертуге болады;

4) жеткізуши онымен бекітілген тауарды сатып алу шартын орындау барысында тауар бірлігі үшін баға өзгермеген жағдайда, сапасы және/немесе техникалық сипаттамалар немесе онымен бекітілген тауарды сатып алу шартының мәні болып табылатын тауарды жеткізу мерзімін және/немесе шарттарын неғұрлым жақсырақ немесе тиімдірек ұсынылған болса;

5) салық, кеден және басқа да салалардағы заңнаманың өзгеруінен туындаған келесі (кейінгі) жылы (жылдары) аяқтау мерзімімен жұмыстарды орындауға арналған сатып алу шартының сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда, жылдарға тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда шартты орындау мерзімінің тиісті мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттаманың өзгеруі бөлігінде;

6) салық, кеден және басқа да салалардағы заңнаманың өзгеруінен туындаған тауарларды жеткізуге, қызметтерді көрсетуге сатып алу туралы ұзак мерзімді шарттың сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда шартты орындау мерзімінің тиісті өзгеруі бөлігінде. Мұндай өзгерісті енгізуге шарттың қолданылу мерзімі бір жыл өткен соң және жылына бір реттен артық емес рұқсат етіледі;

7) ДББҰ алқалы атқарушы органдының шешімінде қамтамасыз етуге алдын ала төлем беру бөлігінде тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу шарттарының талаптарын өзгерту;

8) кешенді жұмыстарды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылғыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сараптамадан еткен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес сатып алу шартының бағасын өзгерту бөлігінде;

9) сатып алу шартының мәні болып табылатын, жұмыстарды жүзеге асыруға кедергі келтіретін қолайсыз климаттық (ая-райы) жағдайлары себебінен, сондай-ақ сатып алу шартының уақтылы орындалуына кедергі келтіретін құрылыш алаңындағы тапсырыс берушінің және/немесе тапсырыс берушінің басқа да жеткізушилерінің әрекеттеріне байланысты құрылыш жұмыстарын жүзеге асыру кезінде сатып алу шартын орындау мерзімін ұлғайту бөлігінде. Осы тармақшада көзделген сатып алу шартын орындау мерзімінің ұлғаю жағдайлары сатып алу шартына тиісті қосымша келісімдер бекітілгенге дейін құжат түрінде бекітілуі тиіс.

17.12. Сатып алу шартына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде рәсімделеді.

17.13. Жобаға немесе сатып алу шартына жеткізуши таңдау үшін негіз болған өткізілетін (өткізілген) сатып алу және/немесе ұсыныс шарттарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді енгізуге жол берілмейді.

17.14. Сатып алу шартын орындау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, Тапсырыс берушінің шарттарды әзірлеу, бекіту және орындауды реттейтін Ережелері мен ішкі құжаттына сәйкес жүзеге асырылады.

## **18-бөлім. Ереже нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту**

18.1. Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының басшылары, комиссия, сарапшы(лар), сатып алу рәсімдерін ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар, сондай-ақ тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуға қатысатын өзге де тұлғалар Ережелер нормаларын бұзғаны үшін жеке жауап береді.

18.2. Қызметкерлерді Ережелер нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және белгіленген тәртіппен бекітілген ДББҰ-ның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

## **19-бөлім. Қорытынды Ережелер**

19.1. Осы Ережелер қолданыска енгізілгенге дейін басталған (жарияланған) сатып алу рәсімдері сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күні қолданыста болған сатып алу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

19.2. Сатып алуды ұйымдастырушының, комиссияның, сарапшының (лардың) әрекеттері (әрекетсіздігі) әлеуетті жеткізушилердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес шағымдануға құқылы.

Тапсырыс берушінің сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешіміне қатысты жасалған шағымдар қабылданбайды.